



Қоғамның жақұт көзі, жүрегі – ЖУРНАЛИСТИКА



де, түпкі мағынасын сақтай отырып бүгінге жетті.

Қазақстанның Құрметті журналисі Қуандық Оразбекұлының «Егер ит адамды қапса, жаңалық емес. Ал адам итті қапса, онда ол – сенсация. Үнемі ойланып жүресің. Ылғи ақпарат көздерін назарда ұстайсың. Соңында мақаланы баспаға беріп, нәтижесін көргенде бір марқаямыз. Міне, бұл тілшілер қауымының жетістігі. Әр газет, сайт, телеарнаның өзіндік асханасы болады. Журналист ғаламда біреу ғана. Ол бөлшектенбейді. Дегенмен әркімнің өзіне лайық стилі бар» дегені бар. Расында да солай. Әрбір журналистің жүріп өткен еңбек жолында өзінің сол саладағы қызығы мен қиындығы қатар келген қатпарлы жолы жатыр. Бұл сала әрбір қаламгердің қоғам алдында жеке тұлға болып қалыптасуына, өзін-өзі табуға жол сілтейді.

2-бетте



Салтанат ШАХАНОВА:

БАҚ САЛАСЫНДА ҚУАНАТЫН ЖАҒДАЙ ӨТЕ КӨП

Ол – ақпарат саласында да, мемлекеттік қызметте де үздік екенін дәлелдеген маман. Жаста болса, аймақтың оң имиджін қалыптастыруға, ақпараттық саясаттың дұрыс жүргізілуіне елеулі еңбек сіңіріп келеді. Мемлекеттік қызметшілер мен БАҚ қызметкерлерінің кәсіби мерекесі қарсаңында Қызылорда облысы әкімінің баспасөз хатшысы Салтанат Шахановамен сұхбаттасуды жөн көрдік.

– Баспасөз хатшысы болу – менеджерлік қызмет. Ал сіздің ұйымдастырушылық қабілетіңіз студент кезден-ақ байқалды. Әу бастан-ақ журналистикада еңбек етемін деген мақсатыңыз болды ма?

– БАҚ саласында қызмет етсем деген арманым болды. Бала кезімде теледидар көріп отырып, «Алла қаласа мен де осылай тележүргізуші боламын» деп айта беретінмін. Үйдегілер «қой, өскенде дәрігер не мұғалім боласың» дейтін. Оқу бітірер кезде ағам дәрігер мамандығына оқуға тапсыруымды қалады. Бірақ мен «дәрігер болмаймын» деп, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің журналистика факультетіне құжат тапсыруға шешім қабылдадым. Барсақ, емтиханның уақыты өтіп кетіпті. Сонымен Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті филология факультетінің «Қазақ-ағылшын тілі» бөліміне құжат тапсырдым. Екінші курстан бастап университеттің қоғамдық жұмыстарына араласып, түрлі шараларды ұйымдастырып, белсенді білім алушы атандым. Студенттер кеңесінің төрағасы болдым. Бұл, әрине, көңілің алып-ұшып жүретін ерекше кездер еді.

Менімен қатар қазіргі журналистика саласының үздіктері білім алды. Атап айтсам, Аман Тасыған, Баян Баккелді, Ерқанат Көпжасарұлы секілді тележурналистермен қатар оқыдық. Бір ерекшелігі, біздің бөлімде шетелдік бірнеше жоғары оқу орнының грантын жеңіп алып, Қазақстанда оқуды тандаған өте білімді қандас студенттер де болды. Қатарластарыңның жүзден жүйрік болуы сенің де белсенділігіңе, біліміңе оң әсер етеді.

3-бетте

Ақпарат айдынында жүрген қаламгерлер үшін журналистика ол – өмір. Журналистика – қоғамның келбеті, ойы, көмегей тілі һәм соғар жүрегі. Ал журналист деген кім? Ол өз шығармашылығы арқылы қоғамға адал қызмет етіп, жаңалықтың жаршысы болған, мәселені зерттеу жолында бар күш-жігерін, алтын уақытын арнаған, қабілет-қарымымен оқырманын баураған жан. Ептілер шыдайды, епсіздер құлайды.

Журналистің жүрмейтін жолы, баспайтын жері жоқ. Филология ғылымдарының докторы, профессор Назазы Омашев «Журналистика – сен таңдайтын емес,

сені таңдайтын мамандық» дейді. Яғни, журналист – өз мамандығының құлы.

Қастерлі мамандықтың тарихы тереңде. Ежелгі Мысырда папирус

парағына ақпарат жазылған. Ал көне Римде хабарландырулар тақтайшаларға ілінетін. Осылайша журналистиканың шежіресі бас-талды. Арада қанша жыл өтсе

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ – МӘРТЕБЕЛІ МІНДЕТ

Мемлекеттік қызмет – бұл ел мүддесіне адал қызмет етуді талап ететін жауапты әрі мәртебелі міндет. Ал мемлекеттік қызметшілер – қоғам мен билік арасындағы байланысты нығайтатын, ел игілігі жолында еңбек ететін сала мамандары.

Олар ел үшін аса маңызды салаларда қызмет етіп, осы жолда күш-жігері мен уақытын аямайтыны рас. Халықтың мүддесі үшін шешім қабылдау, құжат дайындау, тұрғындарға сапалы қызмет көрсету – барлығы да осы мамандардың тынымсыз еңбегінің нәтижесі. Мемлекеттік қызметші болу тәртіп, әділдік, төзім мен білімді талап ететін қызмет.



Дүйсенбіде облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Мемлекеттік қызметші күніне арналған салтанатты шара өтті. Оған сала басшылары мен мемлекеттік қызметшілер қатысты.

Аймақ басшысы әріптестерін мерекемен құттықтап, облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуы бағытындағы еңбектеріне алғыс білдірді.

5-бетте



ҚОҒАМ ТЫНЫШТЫҒЫ – ПОЛИЦИЯ НАЗАРЫНДА

23 маусым – Қазақстан полициясының кәсіби мерекесі. Бұл күн – ел тыныштығы мен қоғамдық тәртіптің күзетінде жүрген тәртіп сақшыларына құрмет көрсетіп, олардың тынымсыз еңбегін елеп, еске алатын сәт.

Құқықтық тәртіпті сақтау, адам өмірі мен қауіпсіздігін қорғаудың үлкен жауапкершілік екенін білеміз. Осы орайда Қызылорда облысы Полиция департаменті әкімшілік полиция басқармасы басшысының орынбасары, полиция подполковнигі Нұркен Бақтияровпен сұхбаттастық.

– Нұркен Пралыұлы, кәсіби мерекеңіз құтты болсын! Әуелі осы күннің маңызы туралы айтып беріңізші.

– Рақмет! Иә, 23 маусым елімізде полиция қызметкерлері күні ретінде атап өтіледі. Ол 2007 жылы Мемлекет басшысының Жарлығымен ресми түрде бекітілген. Басты мақсаты – құқық қорғау саласында қызмет ететін азаматтардың еңбегін бағалау, олардың қоғамдағы тыныштық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі рөлін атап өту деп ойлаймын.

Мереке қарсаңында әріптестерімді құттықтап, дендеріне саулық, отбасына амандық, ел тыныштығы мен азаматтардың қауіпсіздігі жолында аянбай еңбек етіп жатқан қызметтеріне абырой тілегім келеді. Мемлекетіміздің бейбітшілігі мен тұрақтылығы жолындағы еңбектері елеме берсін!

5-бетте

БҮГІНГІ БУЫННЫҢ БАҒАСЫ немесе ертеңгі елдің обалы кімге?

Құдай бетін әрі қылсын, ешкімге обалдық тілемейміз. Бірақ бүгінгі қоғам арасында, әсіресе жастар қатарында әлеуметтік тұрғыдан әлеуетін көтере алмай жүргендер жетерлік. Ол келешекке кері әсерін беруі әбден мүмкін. «Қыс шанаңды – жаз сайла» деген тәмсіл ертеңге дайындықты бүгіннен баста дегеннен хабар береді. Ал елдің ертеңіне дайындық бар ма, ол сұрақтың жауабы уақытқа аян. Десе де, жастардың әлеуметтік дамуы, еңбекке жарамдылығы, жұмысқа орналасу көрсеткіші мен олардың қызығушылығына байланысты түрлі зерттеулер мен талдаулар болашақты болжауға септеседі. Оған көз жүгіртсек, көңілді коншіту қиын. Сөздің тігісін жатқызып жеткізгендегі келбеті осы. Түсінікті тілмен айтсақ, бәсекеге қабілетті буын азайып барады. Ал оның зардабын болашақ тартқалы тұр. Сонымен жастарға арналған зерттеулер не дейді? Ізденіс жасап көрдік.

«Ғылым таппай мақтанба...»

Ұлы Абай қос ғасырға таяу уақыт бұрын мына сөзді қалай дәл айтқан дейсің ғой. Ойткені бұрын да, қазір де, келешекте де елді білім мен ғылым басқарады. Ақыл-ой санаға сәуле бергенмен, ол сәуленің ғұмырын

ұзартатын сол – ғылым. Ал білім беру ісінде Қазақстан жастары қандай көрсеткіш көрсетіп жүр? Мұны Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (OECD) «Жастар әлауқатын бақылау платформасы» атты 2024 жылғы деректерінен іздеп көрдік, әрі көршілес елдермен салыстырып, көштің бағытына көз

тастап, дамыған һәм дамушы мемлекеттердегі цифрлармен салыстырып қараған едік.

Шынын айтсақ, Оңтүстік Корея әлемдегі ең білімді халықтың бірі. Елде жастардың жоғары білім алу көрсеткіші рекордтық деңгейде, яғни университеттерге жалпы қамту коэффициенті 100%-дан асады (2022 жылы 103%). Яғни, колледж-жоғары оқу орындарында жасы ресми студенттік жастан асқан азаматтарды қоса есептегенде, іс жүзінде әрбір жас корейлік жоғары білім алуда. Бұл көрсеткіш бойынша Корея OECD елдері ішінде көш бастап тұр. Мысалы, 25-34 жас аралығындағы оңтүстік корейлықтардың 69%-ында жоғары оқу орнының дипломы бар, ал OECD орташа көрсеткіші 46% шамасында. Сондай-ақ корей оқушыларының білім сапасы халықаралық PISA тесті бойынша ең жоғары деңгейде, олар математика мен жаратылыстанудан әлем бойынша үздіктер қатарында.

7-бетте

Басы 1-бетте

ҚОҒАМНЫҢ ЖАҚҰТ КӨЗІ, ЖҮРЕГІ – ЖУРНАЛИСТИКА



Қаламгер қауымды қоғамның айнасы деп атаудың да өзіндік сыры бар. Күнделікті тіршілікте болып жатқан хабарларды жур-

налист ой елегінен өткізіп, қалың бұқараға ұсынады. Соның нәтижесінде айналада орын алып жатқан күллі жайттардан ел

хабардар болады. Жалпы, сарапшылар журналистика 46 мамандықтың басында тұр деген пікір айтады. Бұл басқалардан артық дегенді білдірмейді. Қайта тілшілер қосынының қалам тербемейтін саласы жоқ дегенді аңғартады. Журналистика адам-зат баласының мына дүние жайлы ойын қалыптастыратын ақпарат құралы деп айтсақ, артық айтпағандық болар еді.

28 маусым – елдің осындай мұнын арқалап, сөздің жүгін көтерген қауымның төл мерекесі. Барша Сыр еліндегі қолынан қалам ұстап, бұқараның түйткілін тарқатып жүрген жандарды кәсіби мерекелерімен шын жүректен құттықтаймын! Шерхан Мұртаза «Журналистің жегені – жантақ, арқалағаны – алтын» дейді. Арқалағаны алтын жандардың қанаты талмасын, көпшілікке сапалы әрі ашық ақпаратты жеткізіп, қоғам мен елдің мүддесіне қызмет ете бергей. Қалам мен қарымын егіз ұғым ете білген журналистер қай кезде де көш басында болсын!

Абзал ЖОЛТЕРЕК

ӨҢІРЛІК ЖУРНАЛИСТИКАНЫҢ ӨРІСІ МЕН ӨРЕСІ

Қазіргі медиакөңістікте жылдамдық пен жеңілдік жарысып тұр. Біреу бірінші жарияласа болды, сол – жеңімпаз. Ал оның рас-өтірігі кейінгі мәселе. Ақпарат шынайылығынан бұрын бірінші болып көзге түсу басты мақсатқа айналған заманда өңірлік журналистиканың бағыты мен беделі қандай күйде?

Бұл сұрақ тілшілікті тіршілік еткендердің ғана емес, тұтас қоғамның алдында тұрған сауал. Өйткені аймақтағы тілшінің көтерген мәселесі шын мәнінде биліктің күн тәртібіне шығуы үшін, алдымен оның үні естілуі керек. Ал қазір сол үн – әлсіз. Себебі оны біріктіріп тұрған алаң жоқ, қолдайтын орта жоқ, жеткізетін жүйе жоқ. Осы түйткілдерді ашық қозғау үшін Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясының Қызылорда облыстық филиалы бастама көтеріп, «Аймақтағы интернет-журналистиканы дамыту мүмкіндіктері және медиа саланың өзекті мәселелері» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді. Жиынға өңірдегі белді басылымдар мен телеарналардың бас редакторлары, республикалық ақпарат құралдарының аймақтық тілшілері, тәуелсіз авторлар мен жас журналистер қатысты.

Кездесудің басты мақсаты –



бір-бірімізді сынау емес, тыңдау. Қатысушылар медианың бүгінгі беталысы туралы пікір алмасып қана қоймай, өзекті мәселелерді бірге көтеріп, оны шешудің жолдарын ұсынды.

Жиынның ашылуында сөз алған ЖСДП Қызылорда облыстық филиалының төрағасы Нұрбек Дәуренбеков қазіргі медианың ахуалына тоқталып, бұл басқосудың басты мақсаты салтанатты құттықтау емес, өңірлік журналистиканың шынайы проблемаларын ашық айту және оны шешудің нақты жолдарын бірге ойластыру екенін атап өтті. Оның айтуынша, аймақтағы интернет-журналистиканың дамуына техникалық және материалдық базаның әлсіздігі, контент сапасының біркелкілігі, кәсіби даму мүмкіндіктерінің жетіспеушілігі және тәуелсіз медиажобаларға қолдаудың жоқтығы кедергі болып отыр.

– Біз бұл мәселелерге бейжай қарай алмаймыз. Аймақтағы журналистер үшін жүйелі оқыту курстарын ұйымдастыру, цифрлық медианы дамытуға арналған бірлескен жобалар жасау, редакциялар

өтті. Оның айтуынша, жеке журналист көтерген мәселе көбіне еленбей қалуы мүмкін, ал бірлесе көтерілген үн билікке жетпей қоймайды. «Аймақтағы тілшілерге жетіспейтіні бірлік», – деді ол. Сонымен қатар бүгінгі медиакөңістіктегі келенсіз үрдістерге де тоқталып өтті. Айну Нұрланқызы ChatGPT сынды жасанды интеллект арқылы дайындалып жатқан ақпараттардың бірсарынды бола бастағанына назар аударды. Ол мұның тек стилистикалық мәселе емес, журналистік жауапкершілік пен авторлық ұстанымның әлсіреуіне апаратын жол екеніне басымдық берді. Бас редактордың айтуынша, мұндай тәсілдерден бас тартып, жазуға деген адалдықты, ар-ожданды оятатын көзқарасты күшейту қажет. «Қазір солай жаза салу оңай, бірақ ертен кәсіби журналист ретінде қалыптасуына бұл кедергі келтіруі мүмкін», – деді ол.

«Ұстаз мәртебесі» газетінің және «Әлімсақ» журналының редакторы Нұрлан Көбегенұлы журналистердің мәселесін депутаттар мінберден нақты көтеруі керектігін ашық қозғады. Ол тек



арасында ынтымақтастықты арттыру, сондай-ақ тәуелсіз бастамаларға құрылымдық қолдау көрсету бүгінгі күннің нақты қажеттілігіне айналып отыр. Жергілікті журналистиканың дамуы үшін нақты қадамдарға баруға, әріптестік орнатуға және бірге жұмыс істеуге дайынбыз, – деді Нұрбек Сағатұлы.

Басқосуда бастама жасаған спикерлер өңірлік журналистиканың түйткілді тұстарын ашық айтып, жүйелі шешімдерге бастайтын нақты ұсыныстарын ортаға салды.

Qyzylorda телеарнасының бас редакторы Айну Тұңғышбаева журналистердің өзекті мәселелерді жеке-дара емес, бірлесе көтеруі тиімді нәтиже беретінін атап

ақпарат алуға қатысты емес, журналистің әлеуметтік мәселелері, яғни – жалақысы, баспанасы, мәртебесі де назардан тыс қалмауы керек екенін атап өтті. «Бүгінде медиада жасы үлкен, өз ісіне адал жандар ғана қалып отыр. Ал жастар неге келмейді? Себебі салада қаржылай тұрақтылық жоқ. Егер жастар еңбегінің әділ бағаланатынына сенсе, олар да осы саладан орын алар еді», – деді ол. Ол депутаттардың аймақтарға сапары кезінде жергілікті БАҚ өкілдерімен міндетті түрде кездесу өткізуі тиіс екенін айтты. Бұл ұсынысты жиын барысында ЖСДП Қызылорда облыстық филиалының төрағасы қолдап, келешекте партия депутаттарының өңірге келген сапарларында тілшілермен арнайы кездесу ұйымдастырылатынын жеткізді.

Нұрлан Көбегенұлы бұдан бөлек, дәстүрлі БАҚ-та ашық сыни материалдар жариялауға кедергілер бар екенін, ал қоғам үшін маңызды тақырыптарды терең қозғаған жағдайда «ар жақтан біреулер арқан тартып шалып қалатындай» тосқауылдарға тап болатынын жасырмады. «Журналистика қазір көшіріп басумен ғана айналысатын салаға айналып бара жатыр. Бұл – қауіпті. Бізге шындықты айту еркіндігі керек», – деді ол.

«31 арнаның» аймақтағы меншікті тілшісі Абай Нұржанұлы ақпарат агенттіктерінің жұмысы жүйелі ілгерілеуі үшін аға буын мен жас журналистер арасында байланыс, қолдау және қажет болған жағдайда конструктивті сын болуы керек екенін атап өтті. «Маманның өсуіне сын да, бағыт та қажет. Бұған тек тәжірибе арқылы жетеміз» деп атап өтті.

«Қазақстанская правда» газетінің меншікті тілшісі Әлібек Әбсәтұлы билікке мәселелерді тек журналистер емес, депутаттар да нақты көтеріп жеткізіп жүргеніне риза екенін білдіріп, журналистердің бұл істе жұмыла жұмыс істеуін қолдады. «Депутаттық мінберде біз көтеріп жүрген мәселелер айтылып жатса, бұл – журналистикаға деген құрметтің бір көрінісі» деген ойын айтты.

Жиын соңында ЖСДП Қызылорда облыстық филиалының төрағасы Нұрбек Сағатұлы барлық пікірлер мен ұсыныстарды қағазға түсіріп, келешекте нақты бастамаларға ұласатынын, жазылған ұсыныстарды тек қағаз күйінде қалдырмай, ұсынысқа айналдыратынын айтты.

Ердаулет СӘРСЕНҰЛЫ,
ЖСДП Қызылорда облыстық
филиалының хатшысы



ЕҢБЕГІ ЕЛЕНГЕН СЫР ЖУРНАЛИСТЕРІ

Жыл сайын 28 маусым – Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерінің кәсіби мерекесі ретінде атап өтіледі. Бұл – қоғамдық пікір қалыптастырып, елдің тыныс-тіршілігін таразылап, халық пен билік арасындағы алтын көпір болып жүрген журналистердің еңбегі еленетін төл мерекесі. Ақпарат ағыны тасыған заманда жаңалықты жедел жеткізіп қана қоймай, шынайылық пен жауапкершілікті ту еткен журналистердің еңбегі мемлекет тарапынан да жоғары бағаланып келеді.

Мерекесіне қатысқан

Мерекесіне қатысқан қарсаңында өткен жиында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев журналистердің рөліне айрықша тоқталды.

– Міржақып Дулатов «Қай жұрттың баспасөзі күшті болса, сол жұрттың өзі де күшті» деген. Шын мәнінде, сөз – аса қуатты қару. Бір ауыз сөз

рында Қызылорда өңірінің төл перзенттері де бар. Бұл – аймақ журналистикасының жетістігіне берілген әділ баға, жергілікті медиа өкілдерінің ел дамуына қосқан үлесінің көрінісі. Марапат иеленген әр жерлесіміз еліміздің ақпарат кеңістігінде өзіндік қолтаңбасы бар, та-



араз елді тату қылады, тату елді араз етеді. Сондықтан сөз құдіретін терең түсініп, оның салмағын сезіне білу қажет. Қазіргі ақпарат тасқынында сенімді дерек, дәйекті талдау ұсынудың мән-мағынасы арта түсті. Журналистің ағартушылық миссиясы алдыңғы қатарға шықты. Кез келген ақпаратты мұқият елеп-екшеп, жұртқа дұрыс жол көрсету өте маңызды. Бұл ретте сіздерді ақпарат әлемінің темірқазығы деуге болады. Мен журналистеріміздің әр мәліметті ұлт мүддесі тұрғысынан саралай аларына сенемін, – деді Президент.

Жиынға қоғамның өзекті мәселелерін батыл көтеріп, ел мен жердің тағдырына бейжай қарамайтын журналистер қатысты. Сонымен қатар Мемлекет басшысының Жарлығымен еліміздің ақпарат саласында абыройлы қызмет атқарып жүрген бірқатар журналистерге мемлекеттік наградалар табысталды. Солардың қата-

лай шәкірт тәрбиелеген білікті маман.

Атап айтқанда, «Qyzylorda» телеарнасының директоры Нұрбек Әмиша мен «Astana» телеарнасының шеф-редакторы Акерке Биятұова «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды. Республикалық «Qazsport» телеарнасының директоры Нағи Бақытбекке «Құрмет» ордені табысталды. Ал «Таңшолпан» бағдарламасының жүргізушісі Ирина Тен Қазақстан Республикасы Президентінің Алғыс хаты мен «Алтын барыс» орденіне ие болды.

Марапат – адамға ғана емес, оның еңбегіне, ұстанымына, қоғам алдындағы жауапкершілігіне берілетін баға. Осы тұрғыдан алғанда, қызылордалық журналистер еңбегінің еленуі – Сыр өңірі журналистикасының мерейі. Мерекесіне қатысқан марапат биігінен көрінген әріптестерімізді құттықтаймыз!

«АЖ» ақпарат

Басы 1-бетте

Салтанат ШАХАНОВА:

БАҚ САЛАСЫНДА ҚУАНАТЫН ЖАҒДАЙ ӨТЕ КӨП



Бір қызығы, оқу бітіргесін Қызылордаға келемін деп ойлаған жоқпын. Мектепті Шым-кентте оқыдым. Алматыда қызылордалық достарым бар. Бірақ Сыр елінің аудан, ауылдарын толық білмейтінмін. Осы жақта еңбек ету бұйырған екен. Оқу бітіргесін Қызылордаға келіп, үлкен ағамның үйіне қоныстандым.

– Бірақ мұғалім болмаймын дедіңіз ғой...

– Иә, жергілікті телеарна бар дегенді естіп, Қоғам TV телеарнасына бардык. Жолым болған екен, нағыз ұйымшыл ұжым, жанашыр жандардың ортасына түстім. Гүлнұр Бүркітбаева, Үйтолған Жарекеева, Болат Жұмабаев, Тілеген Бекарыстанов сынды айта да, жаза да білетін мықты мамандармен қызмет ету бұйырды. Өлі есімде, маған ең алғаш студияда мәтін оқуды Нұрлан Жақыпбеков үйретті. Лена Рыбинамен қатар жұмыс істедік. Баян апа, Тұрсын апалар үнемі жанашырлық танытып, қолдауын аямайтын. Маған сол кезде ешкім еңбекақы туралы ойламайтын сияқты көрінетін. Журналистердің кәсіби мерекесінде Шаһизада аға бәрімізді Шым-кентке апарып, демалысты өзі ұйымдастыратын. Тұрсын апаның әңгімесін тындап, әріптестермен әзіліміз жарасып, жұмысымыз өнімді, күніміз көңілді өтетін. Осылайша Қызылорда қоғамдық телерадиокомпаниясы қанатымды қатайтып, шеберлігімді шындап, журналистикаға баулыды деп айта аламын.

Одан кейін 2012 жылы Алматыдағы КТК телеарнасына жұмысқа орналасып, «Алматы – моя первая любовь» халықаралық фестивалінде, «Наша казаша» бағдарламаларында үйлестіруші, редактор болып, бір жылдан астам уақыт жұмыс істедім.

Қайтадан Қызылордада еңбек ету бұйырып тұрған болу керек, 2013 жылы осында оралдым. Ол кезде облыс әкімі болып Қырымбек Елеуұлы тағайындалған. Қоғам TV-дағы жұмысымды жалғастырып, облыс әкімінің пулындағы журналистердің қатарына ендім. Сол уақыт демалыс, мерекелік күндер дегенді де «ұмыттып», облыстағы 260-тан астам ауылға іссапармен барып, жаңалықтар әзірледік. Ал 2015 жылы облыс әкімінің баспасөз қызметіне инспектор болып ауыстым. Мемлекеттік қызметтің қандай болатынын сол кезден бастап үйрендім деп ойлаймын. Студенттік кездегі ұйымдастырушылық қабілетім көмектесті ме, әйтеуір алып кеткен сияқтымын. Алғашында Қырымбек Елеуұлының, одан кейін Қуанышбек Досмайылұлының баспасөз хатшысы болып тағайындалып, өте жақсы еңбек еттік. Аллаға шүкір, қазір Нұрлыбек Машбекұлы осы жұмысты сеніп тапсырғаннан кейін бар күшімізді салып қызмет атқарудамыз.

Оның арасында ауыс-түйіс те болды. Мәдениет басқармасында бір жыл қызмет етіп, пейілі кең, жанашыр жандармен танысып, көп дүниені үйрендім десем болады. Кейбір әріптестерімді өзіме жақын әпке санап, құрметтеймін. Мұнан кейін қоғамдық даму басқармасына бас маман болып ауысып келдім. Бұл – жұмыстың қайнап жатқан жері. Хаттарға жауап жазу, арыздарды талдап, тиісті тұлғаларға ұсыну, БАҚ-пен жұмыс, мемлекеттік тапсырыс секілді толассыз тапсырмаларға дайын тұрасын. Ол жерде де тәжірибе жинап, жақсы достар таптым. Әріптестерім ең жақын құрбыларыма айналды.

– Тілші болу мен мемлекеттік қызметші болудың айырмашылығы қандай?

– Айырмашылығы өте көп. Тілші болу адамға еркіндік сыйлайды, шығармашылықпен айналысып, ойынды ашық жеткізесің. Ал мемлекеттік қызметшіде ондай еркіндік болмайды. Оның орнына субординация, белгіленген ереже, тәртіп бар. Жиналыстар, нұсандарды аралау, аудандарға іссапар... Қаншама адамды, қаншама тағдырды көресің. Бірақ оның бәрі мектеп. Сондықтан екеуі екі бөлек дүние. Жақсы тілші жақсы баспасөз хатшысы, мықты мемлекеттік қызметкер болады деген сөз

емес. Тілші жақсы жазуы, ойын еркін жеткізуі мүмкін, бірақ мемлекеттік қызметші, баспасөз хатшысы болу үшін ол аз. Оған менеджерлік, ұйымдастырушылық қабілет пен стресске төзімді мінез керек.

– Бірнеше жыл бұрын жағымсыз ақпараттарды әлеуметтік желіден жиі байқайтынбыз. Қазір азайған секілді. Маған солай көріне ме, әлде шынымен жағдай өзгерді ме?

– Мұндай ақпарат тоқтаған жоқ, бірақ

– Кейбір басқарманың баспасөз хатшыларымен уақыттылы байланысу қиын. Баспасөз хатшыларының жұмыстағы салғырттығына не себеп болуы мүмкін?

– Мұндай жағдай барлығында демеімін, өкінішке қарай, болып тұратын шығар. Журналист хабарласқанда, жиналыста отыруы мүмкін. Бірақ олармен байланыса алмаған жағдайда республикалық БАҚ өкілдері, меншікті тілшілер маған шығып жатады. Жауапты сала мамандарымен байланыстырып, қажетті сұхбаттарын алып береміз. Облысқа қатысты болғасын «бұл жұмыс менікі, сенікі» деген сөз жоқ. «Абырой ортақ» дейміз де, істей береміз.

– Жұмыс уақытыңыз нешеде басталады?

– Мемлекеттік қызметкерлерде белгіленген жұмыс уақыты бар. Бірақ қатып қалған ештеңе жоқ. Таңертен 9-дан ертелеу келеміз, кейде нұсандарды түсіру керек болса, түске, кешке қарамай шығып кетеміз. Кешке 19.00-де не одан кеш қайтамын деп те айта алмаймын. Жұмыстың ыңғайына қараймын. Қолымда телефон мен интернет болса, кез келген жерде жұмыс істей беремін.

– Қазіргі қызметіңізге байланысты көптеген медиа маманмен жұмыс істеуге тура келеді. Мұндайда журналистикадағы өзгерістер, медиазатика бәрі анық байқалады. Ақпарат саласындағы қандай өзгерістер қуантады, қандай жағдайлар көңіліңізді түсіреді?

– Өңір бойынша айтар болсақ, БАҚ саласында қуанатын жағдай өте көп. Ізденетін, сюжеттері ерекше шығатын, мақаласын қайта-қайта оқығың келетін жастар бар.



графтар өте көп жүреді. Сондықтан ауқымды шаралардың алдында оператор, мобилографтарды аккредитациядан өткізудің де маңызы артқан секілді. Аккредитация деген нәрсеге үйрене алмай жатырмыз, оны айтсаң көбі шошиды. Мысалы, бір маңызды нысан ашылады дейікші. Сол орталықтың ашылуына қатысатын адамдар бөлек-бөлек студия жалдап апарғысы келеді, марапатталатын адамдар мобилографпен келеді. Ол – республикаға тарайтын үлкен шара, сол себепті тәртіп болуы керек. Соны жүйелеуді ойлағанымызбен, уақыттың да ыңғайы келмей жатыр. Кейде марапат алып жатқан адамның көңілін қалдырғың келмейді де, жарайды «мобилографыңыз түсіре берсін» дейміз, бірақ ол өзіңнің жұмысына кедергі келтіріп жатады.

– Баспасөз хатшысы болу – әртүрлі жағдайларға дайын болу деген сөз. Қызмет барысында форс-мажор жағдайлар көп кездеседі. Қызықты оқиғамен бөлісіңізші...

– Ондай жағдайлар әр сапарда болып тұрады. Кейде бекітілген нысанға асығып бара жатқанда көлік бұзылып қалады. Бірде Жанакорған мен Түркістанның ортасындағы қақпаның ашалуына бара жатырмыз. Күн ыстық, көліктің суы қайнап кетті ме, жүрмей қалды. Ал облыс әкімі шара болатын жерге жақындап қалғанын білдік. Не істейміз? Сол жерде болып, шараны камераға түсіруіміз керек. Көлік жоқ. Ауыл әкіміне айтсақ, екі жигули жіберген ғой. Көртеждің соңында жигулимен жүргеніміз бар. Қазір күлгенімізбен, ол кездегі жағдайымыз белгілі ғой.

Бір жылдары мынадай жағдай болған. Аралға іссапармен барғанда жұмысына жауапты деген бір ғана оператор алып барғанбыз. Апатты жағдайдағы үй құлады-ау сол кезде... «Әкім қазір осы жерде сөз сөйлейді, соны мұқият жазып алуымыз керек, эфирге береміз» деп алдын ала операторға тапсырып қойдық. Оператор «иә, иә» деген де, сасқалақтап REC-ті басуды ұмытып кеткен ғой. Сонымен бейнежазба жоқ. Қазір күлеміз, бірақ ол кездегі жағдай стресс қой.

– «Сырттай қатал көрінеді, турасын айтады» дейді сіз жайлы басқалар. Бұл жұмыстағы образ ба? Күнделікті өмірдегі Салтанат қандай?


– Бала кезімде де кейбіреулер солай айтатын. Сондықтан табиғи болмысым солай көрінсе керек. Бірде әріптесім "сенімен осылай әзілдесіп, емен-жарқын сөйлесіп, шай ішемін деп ойламадым" деп күлдіргені бар. Жұмыс барысында да тіке айтуға тура келетін жағдайлар болады. Ал негізі жақын тұтқан адамдарыма ашықпын. Қолдаушы достарым көп, Аллаға шүкір.

– Алдағы уақытта сізді қай саладан көріміз мүмкін? Шетелде білім алу жоспарыңызда бар ма?

– Алланың дегені болады. Ал әзірге шетелге барып білім алу туралы жоспар жоқ. Болашақта да мемлекеттік қызметте еңбек етемін деп ойлаймын.

– Сұхбат үшін рақмет!

Өңгімелескен
Айдана ЖҰМАДИНОВА



азайған болуы мүмкін. Қазір орынсыз сын, жасалып жатқан жұмыстарға көңіл толмаушылық толастаған деп ойлаймын. Мемлекеттік қызметші немесе әкімнің баспасөз хатшысы емес, қарапайым тұрғын ретінде айтайыншы, үш жылға жуық уақытта қаншама нысан, қаншама аллея салынып, жолдар кеңейтіліп, өндіріске инвестиция тартылғанын, жүздеген келісімшарттар жасалғанын байқап, бағамдап отырмыз. Бұл он жылдың көлемінде, мүмкін одан да көп уақытта жасалатын жұмыс шығар, бірақ үш жылда осының бәрін еңсеру – айтарлықтай еңбек. Ашықтық, әкімдік қоршауының алынып, кез келген тұрғынның емін-еркін келіп, пікірін айта алуы да жағымсыз ақпараттың алдын алады.

Әлеуметтік желідегі сұраққа дереу жауап беру, тұрғынның ұсынысын елеусіз қалдырмау, резонанс тудыратындай жағдайларда брифинг өткізу секілді жұмыстар жүйелі жүргізілгендіктен болар, теріс пікір азайды. Бар, бірақ аз кездеседі. Көбіне «Мына жерде неге су жоқ, жел болып, жарық сөніп қалды» деген секілді пікірлер айтылады. Бұл – өмір болғасын кездесетін, шешімін табуға болатын мәселелер. Осы орайда ақпараттың ашық жеткізілуі бойынша жүйелі жұмыс бар, халықтың да ұсынысы дер кезінде еленіп, ескерілуде деп айта аламын.

– Үшінші әкім сізге өзінің ақпараттық саясатын жүргізуді сеніп тапсырды. Әр әкімнің өз ұстанымы болатыны рас. Нұрлыбек Нәлібаев журналистиканың қай бағытына баса назар аударады?

– Бәріне қатар мән береді. Басшыға телеарнада қандай ақпараттар жарияланғаны туралы күнделікті ақпараттар ұсынылады. Республикалық, облыстық газеттер күнделікті апарылады. Әлеуметтік желіге жарияланған материалдарды дайджест ретінде ұсынамыз. Ол кісі оперативті жұмыс істегенді жақсы көреді. Өте жылдам, телефонмен-ақ ақпаратпен танысып, жауапты тұлғаларға тапсырма беріп, жұмысты бірден реттейді. Оперативтілігі жөнінен менің тәжірибемдегі бірінші әкім деп айтар едім.





Нұржан БЕКЕТАЕВ:

Судья әрбір істе әділ шешім қабылдауы тиіс

«24 маусым – Судья және сот қызметкерлері күні» – еліміздегі әділдік пен заң үстемдігін қамтамасыз етіп жүрген сот саласы мамандарына арналған кәсіби мереке. Бұл күн – судьялар мен сот қызметкерлерінің жауапты еңбегін бағалап, олардың қоғамдағы рөлін айқындайтын ерекше дата. Осыған орай біз Шиелі аудандық сотының төрағасы, өз ісіне адал жас маман Нұржан Бекетаевпен сұхбат құрып, сот жүйесіндегі бүгінгі өзгерістер мен атқарылып жатқан жұмыстар жайлы әңгіме өрбіттік.

– Әуелі «24 маусым – Судья және сот қызметкерлері күні» мерекесімен құттықтаймын! Өзіңізді таныстырып өтсеңіз. Сот саласына бет бұруға не түрткі болды?

– Рақмет! 2008 жылы Қызылорда гуманитарлық заң колледжін аяқтадым. Одан кейін Астана қаласындағы КазГЮУ университетінде білім ала жүріп, 2008 жылы 18 жасымда Байқоңыр қалалық сотына іс тіркеуші ретінде жұмысқа орналастым. 2009 жылы жетекші маман болып тағайындалдым. Ал 2010-2012 жылдар аралығында Қызылорда облыстық сотында жетекші маман болып жұмыс атқардым. 2012 жылы ҚР Президент жанындағы мемлекеттік басқару академиясына оқуға түстім. 2014 жылға дейін жұмыс орнымды сақтай отырып, «Сот төрелігі институты» бойынша магистр дәрежесін алдым. 2015 жылы ақпан айында Президент жарлығымен Қызылорда облысы, Арал аудандық сотына судья болып тағайындалдым. Аталған сотта шамамен жеті жыл судья ретінде жұмыс істеп, 2022 жылдан бастап Президент жарлығымен Шиелі аудандық сотының төрағасы қызметіне тағайындалып, бүгінге дейін қызмет атқарып келемін.

Жалпы сот саласына бет бұруға мектеп қабырғасынан қалыптасқан әділдікті, шындықты, турашылдықты жақсы көретінім себеп болды. Ата-анаммен ақылдаса келе, сол кісілердің батасымен заң саласын таңдадым. Заңгерлікті аяқтаған соң

менің түсінігімде бұл саланың ең биік шыңы судья атану деп есептеймін.

– Шиелі ауданында жиі қаралатын істердің түрлері қандай?

– Біздің соттылығымызға жатқызылған әкімшілік, азаматтық, қылмыстық секілді барлық санаттағы істер қаралады. Ең жиі кездесетіні әкімшілік құқық бұзушылықтар. Оның ішінде отбасы тұрмыстық қарым-қатынастар аясындағы құқыққа қарсы әрекеттер бізді қатты алаңдатады. Одан кейін қоғамдық тәртіпке және имандылыққа қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтар. Яғни мұның ішінде ең көп кездесетіні қоғамдық орында адамдардың бейбөде сөйлеуі, жеке тұлғаларды жәбірлеп тиісуі және айналасындағыларға құрметпен қарамауды білдіретін қоғамдық тәртіп пен жеке тұлғалардың тыныштығын бұзатын әрекеттер көп кездеседі.

Әкімшілік құқық бұзушылық кодексіне көзделген көліктегі әкімшілік құқық бұзушылықтар, жол-көлік оқиғасы және ҚР әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 608-бабы бойынша жүргізушінің көлік құралдарын алкогольдік, есірткілік, уытқұмарлық масаң күйде, оның ішінде алкогольдік масаң күйде көлік құралын басқару фактілері көп тіркеледі. Одан кейін жеке адамға қатысты қылмыстық құқық бұзушылықтардың ішінде адам денсаулығына жеңіл зиян келтіру, ұрып-соғу, ауыр не орташа зиян келтіру, меншікке қатысты қылмыстар, халық денсаулығына және имандылыққа қарсы қылмыстық құ-

қық бұзушылықтар, яғни нақтырақ айтсақ есірткіге байланысты қылмыстар жиі тіркеледі.

– Жаңа технологиялар, цифрландыру сот жүйесіне қалай әсер етіп жатыр? Онлайн сот отырыстарының тиімділігі қандай?

– Бізде сот саласында төрелік ақпараттық жүйесі жұмыс жасайды. Әрбір келген хаттарға өзінің кіріс номері берілген соң ақпараттық жүйе арқылы бөлінеді. Хаттардан бөлек әрбір тіркелетін істер реттілігімен судьяның жүктемесіне қарай автоматты түрде бөлінеді. Судьялар осы реттілік бойынша жүктелген істерді қабылдап алады. Яғни төрағаның араласуынсыз және басқа да жағдаймен бұл іс бөлінбейді. Одан кейін сот отырысында дыбыс жазбасы және бейнежазба қолданылады. Яғни аудио-видеофиксация жүргізіледі. Бұл хаттама ретінде серверге сақталады. Кез келген уақытта аталған хаттамамен танысуға тараптардың құқықтары бар. Бұрынғы уақытта хаттама жазбаша түрде жасалып, сын-ескертпелер сот отырысының хатшысымен жасалып, судьяның қолы қойылатын еді. Оған ескертпе-сындар көп түсетін болса, қазіргі уақытта хаттамаларға ескертпелер түсуі мүлдем жоқ десек те болады. Өйткені әрбірінің айтылған сөздері аудио және бейнежазбасымен тіркеліп тұрады.

– Іс жүргізу барысында шешім қабылдауда ең қиын сәттер қандай?

– Сот ісін жүргізу кезінде қиын сәттер деп айтуға келмейді, қызықты мән-жайлар орын алып тұрады. Мәселен, есірткіге, меншікке қатысты қылмыстар бойынша, жол-көлік оқиғасына қатысты қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша «кінәсіздік презумпциясын» қолданған кездерім болды. ҚР қылмыстық процесітік кодексіне 77 бапта, яғни әлдекімді кінәлі деп заңды күшіне еңбейінше сот үкімі кінәлі деп тануға болмайды. Бұл құқық бұзушының, яки күдіктінің пайдасына түсіндірілуге жатады. Осындай істер бойынша адам кінәсіз деп танылып, менің

тарапымнан ақтау үкімі шығарылды. Осы сәттер әлі күнге дейін көз алдымда. Айыпталып сотқа келген сотталушылар ақтау үкімін алып, кінәсіз болып сот залынан шығып бара жатқанда олардың жүзіндегі қуанышы, туған-туысқандарының қуанышы жадымда сақталып қалды. Аталған үкімдер Жоғарғы Сотта да апелляциялық тәртіпте, кассациялық тәртіпте қаралып, күшінде қалған болатын.

Жалпы ҚР Конституциясының бірінші бабында көрсетілгендей Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары және заңды мүдделері. Сондықтан келіп түскен іске әрбір судья жан-жақты, объективті, ішкі сенімі бойынша дәлелдемелерді бағалап, шешім қабылдауы керек. Әрбір істе әділеттілік, заңдылық, теңдік, ізгілік принциптерін бұлжытпай сақтап, әділ шешім қабылдауы тиіс деп санаймын.

– Қазір жастар арасында сот саласына деген қызығушылық қай деңгейде деп ойлайсыз?

– Жастардың сот саласына деген қызығушылығы жиі байқалады. Біз айына бір рет оқушылармен, нақтырақ айтсақ 10-11 сынып оқушыларымен сот ғимаратында немесе сот мәжіліс залында құқық жөнінде дәрістер өткізіп отырамыз. Сондай-ақ мектеп басшылығының ұйымдастыруымен мектептерде де сот отырысын жүргізу бойынша кездесулер өткізіледі. Ол жерде мамандар біліктілігіне байланысты ойларымен бөліссе, оқушылардың бірі сот болып, бірі қорғаушы, енді бірі айыптау тарапының рөлінде көрініс көрсетіп, сот жұмысына қызығушылықтарын білдіруде.

Бұл дәрістерді өткізудің ең басты мақсаты – жастарға қоғамдық орында өзін қалай ұстау керектігін түсіндіру, құқық бұзушылық жасамау, отбасы тұрмыстық қарым-қатынастағы ата-анаға құрмет, ұстазға құрмет

таныту, болашаққа бағыт-бағдар беру. Ең бастысы болашақта қандай да бір құқық бұзушылықтың алдын алу, болдырмау және құқық туралы балалардың ой-пікірін қалыптастыру басты мақсатымыз.

Осы салада білім алып жатқан студенттер де практикадан өтуге келеді. Олар сот процесінің қалай жүргізілетініне ашық сот процесі барысында қатысады. Іс-қағаздармен танысу, олардың жазылу стилистикасымен танысып, қылмыстық азаматтық процесс кодекстерінде, әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне көзделген баптар бойынша сұрақтарын қойып жатады. Оларға сот қызметкерлері, судьялар практикadan өту барысындағы тиісті бағаларын қойып, мінездемелерін береді. Жалпы қазір білікті, білімді жастар көп. Сондай-ақ жастар арасында сот жүйесіне қызығушылық жоғары деңгейде деп айта аламын.

– Аудандық сот жұмысында қандай жаңалықтар бар? Қызметкерлердің кәсібилігін арттыру бағытында жұмыстар атқарыла ма?

– Әрине, кәсібилікті арттырып отыру – заман талабы. Мәселен, бізде Шиелі аудандық соттар әкімшісі қызметін атқарған қызметкеріміз Санат Сержанов ҚР Жоғарғы Сот Кеңесінің біліктілік емтиханынан өтіп, кеңестің оң қорытындысын алды. Алдағы судьялық конкурстарға қатысу үшін құжаттарын тапсырып жатыр. Қазалы аудандық сотынан, Қызылорда облыстық сотынан тағылымдамадан өтеді. Бұл қызметкеріміз Шиелі аудандық сотында жұмыс істеу барысында жақсы қырынан танылып, біліктілігімен көзге түсті. Сол біліктілігі арқасында судьялыққа кадр резервіне орналасты. Болашақта өте білімді, білікті, әділ судья болады деген үміттемін.

– Сұхбат үшін рақмет! Еңбегіңіздің жемісін көріңіз!

Әңгімелескен
Аружан ОРАЛБАЙ

САНДЫҚ ҚАУІП САН СОҚТЫРАДЫ

Қоғам цифрлық дәуірге қадам басқан сайын, адам өмірі интернетпен біте қайнасып барады. Ақпарат алмасу, сауда-саттық, банк операциялары мен мемлекеттік қызметтің көбі онлайн форматқа көшкені рас. Алайда осы мүмкіндіктермен қатар қауіп-қатер де артып келеді.

Соның ең күрделісі – интернет алаяқтық. Технологияның тілін жетік меңгерген алаяқтар қарапайым халықты сан соқтырып, қалтасын қағуда. Біреудің сенімін пайдаланып, өз пайдасын көздейтін киберқылмыскерлер жылдан-жылға көбейіп, әдіс-тәсілін түрлендіріп келеді.

Аймақтағы ахуалға келетін болсақ, жыл басынан бері облыста 186 интернет-алаықтық дерегі бойынша қылмыстық іс тіркеліп, сотқа дейінгі тергеп-тексеру нәтижесінде 66 қылмыстық іс өндірістен аяқталған. Бұл жөнінде Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында

облыстық полиция департаменті киберпол басқармасы басшысының орынбасары Тимур Хамитов мәлімдеді.

– Өңірде ең көп таралған интернет алаяқтық түрлеріне тоқтала кетейін. Біріншіден, алаяқтар өзін ұялы байланыс операторының қызметкері ретінде таныстырып, «SIM картаңыз бұғатталғалы тұр» деп қорқытады. Сосын телефонға келген растау кодын сұрап алып, жеке деректерге қол жеткізеді. Екіншіден, өздерін банк қызметкері ретінде көрсетіп, «Атыңыздан несие рәсімделіп жатыр», «Сіздің шотыңызды бұзып жатыр» деген сылтаумен азаматтарды алдап, ақшаларын белгісіз есепшоттарға аудартуға итермелейді. Үшіншіден, әлеуметтік желілер мен мессенджерлерде «Аз уақытта мол табыс табасыз» деген желеумен жалған инвестициялық жобаларды жарнамалайды. Тағы бір жиі кездесетін жағдай – «WhatsApp»-та таныстарыңыздың фотосын пайдаланып, «Маған ақша бере тұрасың ба?» деп қарыз сұрайтындар бар. Сондай-ақ WhatsApp желісінде «Ақшанызды көбейтіп береміз» деген смс-хабарламалар да жиі

тарайды. Көп адам сеніп, көрсетілген есепшоттарға ақша аударып, ақыры алданып жатыр, – деді басқарма басшысының орынбасары.

Жоғарыда аталған тәсілдерден бөлек Instagram мен OLX секілді платформаларда тұрмыстық техника, киім-кешек сатамыз деп жарнама жасап, алдын ала төлем алған соң жоғалатын алаяқтар да бар. Сол сияқты «Krisha.kz», «Kolesa.kz» сайттарында да жалған жарнамалар орналастырып, алдын ала төлем арқылы ақша жымқырып жүргендер анықталуда.

– Қазақстанның байланыс операторлары алаяқтық мақсатпен шетелден қоңырау шалатын нөмірлерді бұғаттайды. Осы уақытқа дейін 50 миллионнан астам қоңырау бұғатталған. Облысымызда интернет-алаықтық қылмыстарымен айналысу мақсатында «Киберқылмысқа қарсы іс-қимыл басқармасы» құрылып, арнайы ақпараттық техникалармен



жабдықталып, қылмыстарды ашу бағытында жұмыстарды атқаруда, – деп мәлімдеді Тимур Зуфарұлы.

Сан алуан тәсілмен сенімге кіріп, қалтаға қол сұғатын интернет алаяқтардан қорғанудың ең тиімді жолы – сақтық пен сауаттылық. Әрбір азамат өз деректерін бөтен адамға жария етпей, күмәнді сілтемелер мен ұсыныстардан аулақ болғаны жөн.

«АЖ» ақпарат

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ – МӘРТЕБЕЛІ МІНДЕТ

– Баршанызды Мемлекеттік қызметші күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Елге адал қызмет ету, Отанды шексіз сүю, туған елдің дамуына

Бюрократиядан арылу, артық кедергілер мен тосқауылдарды жою, кадрлық резервті қалыптастыру, меритократия қағидатын енгізу, қызметтерді сандық форматқа көшіру



аянбай үлес қосу – әрбір мемлекеттік қызметшінің міндеті.

Егемен еліміздің алдындағы стратегиялық міндеттерді орындауда мемлекеттік басқару жүйесіндегі қызметкерлерге артылған жауапкершілік жоғары.

Сіздер Қазақстанның жарқын болашағы жолында халық аманатын арқалап, уақытпен санаспай еңбек етіп, антқа адалдықтың, халыққа жанашырлықтың озық үлгісін көрсетіп келесіздер.

Туған жеріміз – Сыр өңірінің әлеуметтік-экономикалық дамуына, халықтың әл-ауқатын арттыруға қосқан зор үлестеріңіз үшін шынайы ризашылығымды, алғысымды білдіремін!

Бүгінде жаңа трансформация кезеңінде кәсіби әрі тиімді мемлекеттік аппарат құру бағытында мемлекеттік қызметшілерді жұмысқа қабылдау тетіктері жеңілдеді.

мемлекеттік қызмет моделін қолжетімді әрі сындарлы диалогқа негіздеді.

Соның нәтижесінде өңірде мемлекеттік аппаратты оңтайландырып, әкімшілік шығындарды азайтып, басшылық құрам санын қысқарттық.

Президентіміздің әділетті, таза, қауіпсіз Қазақстан құру жолындағы бастамалары мен тапсырмаларын аймағымызда сәтті жүзеге асырып, халық сенімінің үдесінен шыға берулеріңізге тілектеспін!

Баршаныздың дендеріңіз сау, жақындарыңыз аман болып, отбасыларыңыздың бақ-берекесі арта берсін!, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Басқосуда мемлекеттік қызметшілер марапат төрінен көрінді. Атап айтқанда, мемлекеттік қызмет саласының ардагерлері Әбдіғаппар Әмірғалиұлы мен Қожахмет Ильясов Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің «Мемлекеттік қызмет ардагері», облыстық білім басқармасының

басшысы Асқарбек Есжанов, облыстық мемлекеттік сатып алу басқармасының басшысы Бауыржан Шаменов, Қызылорда қаласының экономика және қаржы бөлімінің басшысы Гүлнар Баймаханова «Үздік мемлекеттік қызметші» төсбелгілерімен марапатталды. Бірқатар азаматқа Қызылорда облысының «Құрмет грамотасы» мен облыс әкімінің «Алғыс хаты» табысталды.

Сонымен қатар жас мемлекеттік қызметшілерлердің Ант беру рәсімі өтті.

Сыр елінде 3 мыңнан астам мемлекеттік қызметші табысты еңбек етіп, аймақ дамуына сүбелі үлес қосуда. Олардың 791-і 35 жасқа дейінгі жастар. Олар уақыт талабына сай жаңа бастамаларды іске асырып, елдің қарқынды дамуына үлес қосып келе жатқаны айқын.

Жыл басынан бері жергілікті атқарушы мемлекеттік органдар бойынша барлығы 140 қызметшінің білімін жетілдіру жұмыстары ұйымдастырылды. Бұл туралы ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің басшысы Ерлеген Мендалиев Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифинг барысында айтты.

– Есепті кезеңде мемлекеттік әкімшілік қызметке кіруге үміткерлерді тестілеуге 734 адам қатысып, оның 165 немесе 22,5%-ы шекті мәннен төмен емес нәтижеге ие болды. Құқық қорғау органдарына алғаш кіретін азаматтарды тестілеуге 263 адам қатысып, оның 84 немесе 32% шекті мәннен төмен емес нәтижеге ие болды. Жыл басынан бері Қызылорда облысындағы барлық деңгейдегі мемлекеттік органдарда 125 бос лауазымға орналасуға конкурстар

өткізілді, – деді Ерлеген Жәрдемұлы.

Быттыр жүргізілген Өңірлік кадр резервіне іріктеуге өңіріміздің жастары белсенді қатысып, 235 үміткер өз құжаттарын тапсырып, іріктеу жұмыстары Қызылорда облысы бойынша сәтті аяқталған. Нәтижесінде Қызылорда облысының Өңірлік кадр резервіне алынған 25 кандидаттың 9-ы конкурстық іріктеусіз бос лауазымдарға тағайындалды. Оның ішінде 3-еуі басшы лауазым. Тағы 1 үміткер ҚР Президенті Әкімшілігіне шақырту алып, жаңа лауазымға орналасты.

Департамент басшысының айтуынша, Өңірлік кадр резервінен



тағайындаулар саны жағынан Қызылорда облысы алғашқы орындарда.

– D-O-2 санаты бойынша барлығы 11 мемлекеттік қызметші ротациялауға енгізілген. Бұл ретте 6 қызметшінің қызметте болу мерзімі 5 жылдан асқандықтан облыс әкімдігімен мерзімін ұзарту бағытындағы шешім қабылданды. 5 қызметшінің 3-еуі бос мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға жарияланған конкурстарға қатысып, өзге қызметке орналасса, 1 мемлекеттік

қызметші өзге D-O-2 санатындағы лауазыммен ротацияланды. 1 мемлекеттік қызметшінің ротациялану мерзімі 6 жыл толуына орай, құжаттары Агенттікке жолданып, келісім алынды. Сонымен D-O-2 санаты бойынша алғашқы ротацияланушылардың жұмысы толық аяқталды. Әрі қарай мерзімдері келген мемлекеттік қызметшілерді ротациялау департаменттің бақылауында болады.

E-1 санаты бойынша барлығы 2 мемлекеттік қызметші ротациялауға енгізілген. Оның біреуі аудан әкімінің Өкімімен ұзартылды. Біреуінің мерзімі 6 жылдан астам болғандықтан құжаттары Агенттікке жолданып, 2 жылға ұзарту туралы келісім алынды. C-O-2 санаты бойынша 10 мемлекеттік қызметші ротациялауға енгізіліп, толық ротациялану жұмыстары жүргізілді. Бұл ретте, 1 қызметшінің зейнеткерлік жасқа келуіне байланысты ротациядан босатылғандығын айтып өткен жөн, – деді Ерлеген Жәрдемұлы.

Айта кетейік, бұл дата 2013 жылы 23 маусымда Мемлекет басшысының Жарлығымен бекітілген

■ 23 МАУСЫМ – ҚАЗАҚСТАН ПОЛИЦИЯСЫ КҮНІ

ҚОҒАМ ТЫНЫШТЫҒЫ – ПОЛИЦИЯ НАЗАРЫНДА



Басы 1-бетте

– Полиция қызметкерлерін қоғам тыныштығының тірегі дейміз. Бұл қызметтің негізгі миссиясына тоқталсаңыз.

– Иә, осы сөз мәні мен мағынасы жағынан өте орынды айтылған. Құқық қорғау органдарының қоғамдағы бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз етудегі маңызды рөлін тура сипаттап тұрғандай. Яғни, халықтың қауіпсіз өмір сүруі, қоғамдық тәртіптің сақталуы, құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу және әділдік орнау жолында тәртіп сақшыларының үлесі орасан зор екенін білдіреді.

– Бүгінде халық тарапынан құқық қорғау органдарына түрлі көзқарас қалыптасқан. Айтылатын сынға қарағанда сенімді арттыру үшін не істеу керек деп ойлайсыз?

– Қоғамда құқық қорғау органдарына қатысты түрлі көзқарастың қалыптасқаны рас. Өйткені кез келген құқық бұзушылық не қылмыстық оқиға орын алған сәтте бірінші болып оқиға орнына баратын – полиция қызметкері. Заң талабына сәйкес әрекет еткен кезде, мысалы, әкімшілік құқық бұзушылыққа байланысты айыппұл салынса, кей азамат оны жеке қабылдап, реніш танытып жатады. Алайда тәртіпті сақтау – ортақ міндет. Әр адам өз әрекетіне жауапты болу керек. Сондықтан кейде түсініспеушілік немесе сын пікірлер туындауы мүмкін. Дегенмен бүгінде полиция қызметі жана, ашық форматқа көшіп келеді. Халықпен тығыз қарым-қатынас орнатуға, сенім артуға ерекше көңіл бөлінуде, тұрғындармен жиі кездесулер өтіп, мәселелері талқылануда.

Мұнан бөлек «Қоғамдық қабылдау», «Жолда қабылдау», «Аулада қабылдау» секілді акциялар бар. Сонымен қатар әлеуметтік желі арқылы кері байланыс орнатып, шағым мен ұсыныстар бойынша тез шешім қабылданауда. Қоғамдық тәртіпті сақтауда, тұрғындардың полиция көмегіне жүгіну жағдайларын оңтайландыру мақсатында 102 мобильді қосымшалары арқылы хабарлама жолдауға мүмкіндік қарастырылған. Халық көп шоғырланатын орындарда 102 батырмасы арқылы бейне байланыспен хабарлама беру тетіктері де орнатылды.

– Әкімшілік полиция басқармасы нақты қандай бағыттарға жауап береді? Сонымен қатар жұмыс барысы туралы айтсаңыз. Күнделікті жұмыста қандай жағдай жиі кездеседі?

– Қызылорда облысының Полиция департаменті, әкімшілік полиция басқармасында жол-техникалық инспекция, әкімшілік практика, процессингтік орталық, азаматтық және қызметтік қару айналымын бақылау, уақытша ұстау/изоляцияторы және айдауыл қызметін ұйымдастыру бөлімдері бар. Жол-техникалық инспекция бөлімі жол-көлік оқиғаларының алдын алу мақсатында көше-жол тараптарын зерделеп, орын алған кемшіліктерді атқарушы органдармен бірлесе отырып жою бағытында жұмыс атқарады. Ал айыппұлдарды өндіру, сот құзырымен қаралатын әкімшілік істерді жинақтап сотқа жолдау, қала аумағында орналасқан сертификатталған автоматты жүйеде жұмыс атқаратын құрылғылармен салынған айыппұл бойынша хабарлама жолдап, уақытылы төлеу бағытында әкімшілік практика бөлімі

жұмыс істейді. Келесі процессингтік орталық көлік құралдарын есептен шығару, қою және жүргізуші куәліктерін беру бағытындағы мемлекеттік қызметтер көрсету жұмыстарын қашықтан атқарады. Облыс көлеміндегі жеке және заңды тұлғалардың азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының, азаматтық пиротехникалық заттар мен оларды қолданып жасалатын бұйымдардың айналымы саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің өтініштері бойынша заңда белгіленген мерзімде және сапалы түрде жүргізілуін азаматтық және қызметтік қару айналымын бақылау тобы ұйымдастырады. Ал аса ауыр және ауыр қылмыс жасаған тұлғаларды сот органдары мен тергеу органдарына айдауыл қызметімен уақытша ұстау изоляторы және айдауыл қызметін ұйымдастыру тобы айналысады.

Күнделікті жұмысқа тоқталсақ, әкімшілік полиция басқармасы көбіне мемлекеттік қызмет көрсету бағытында жұмыс атқаратындықтан басқармада ақпараттық жүйелер үздіксіз жұмыс атқарып тұру қажет. Жұмыс көлемі ауқымды. Сол үшін күнделікті сағат 08.00-ге дейін қызметке сақадай сай болып, жұмыс орнында болуым қажет.

– Ал сіздің бұл салаға келуіңізге не себеп?

– Еңбек жолыма келетін болсақ, 2009 жылы Алматы қаласындағы Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық Техникалық университеті «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету» мамандығы бойынша тәмамдадым. Сол уақытта Жол полиция басқармасына деректер базасымен жұмыс істейтін маман қажет деген ақпаратты естіп, жұмысқа келдім. Қызметтік формаға деген қызығушылығым өте жоғары еді. Осылайша тез арада құжаттарымды

дайындап, департамент бұйрығымен жұмысқа қабылданып, қатардағы полицейден бастадым. Бүгінде 16 жыл еңбек өтілім бар.

– Полиция болу үлкен жауапкершілік жүктейді. Мұнан бөлек тәуекелге толы әрі уақытпен санаспайтын сала. Қызмет пен отбасылық өмірдің арасындағы тепе-теңдікті қалай сақтайсыз?

– Қызмет пен отбасылық өмірде тепе-теңдікті сақтау адамның денсаулығына, психологиялық күйіне және қарым қатынасына тікелей әсер етеді. Ол үшін күнделікті күн тәртібін дұрыс жоспарлау қажет деп санаймын. Яғни демалыс күндері міндетті түрде отбасыма, балаларыма көңіл бөлуге тырысамын.

– Полиция қызметкері қандай қасиетке ие болу керек деп есептейсіз? Жастар арасында полиция мамандығына қызығушылық қандай?

– Полиция қызметкері – ел тыныштығы мен азаматтардың қауіпсіздігі үшін күндіз-түні қызмет ететін тұлға. Сондықтан бұл мамандықты таңдаған адамда жоғары кәсіби және адами қасиеттер болу қажет. Сонымен қатар әділдік, батылдық пен табандылық, сабырлық пен төзімділік, адамгершілік, жауапкершілік болу қажет деп санаймын.

Бүгінде жастар арасында полиция қызметіне деген қызығушылық бар. Бірі – елге адал қызмет етіп, әділдік орнатуға өз үлесін қосуды қаласа, енді бірі – тұрақты жұмысы мен әлеуметтік кепілдіктері бар мамандық ретінде қызығушылық танытады.

–Жауабыңызға рақмет!

Сұхбаттасқан Әлия ТӘЖІБАЙ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕ – КӘСІБИ ДАМУҒА БАСТАР ЖОЛ

Бүгінде жаһандану үдерісі білім мен тәжірибе алмасуда жаңа мүмкіндіктерге жол ашып отыр. Әсіресе медицина секілді адам тағдырына тікелей ықпал ететін салада кәсіби машық пен халықаралық тәжірибе маңызды рөл атқарады. Бұл ретте Қызылорда облысында қолға алынған тың бастаманың мазмұны ерекше. Қызылорда медициналық жоғары колледжінің бір топ студенттері Түркияның жетекші медициналық мекемелерінің бірі – Medicana International Hospital клиникалар желісінде оқу-өндірістік тәжірибеден өтуде.

– халықаралық стандарттарға сай медициналық қызмет көрсететін, заманауи құрал-жабдықтармен жабдықталған ірі медициналық мекеме. Студенттердің клиника қабырғасындағы алғашқы күндері кіріспе оқытуға арналып, олар ішкі тәртіп, қауіпсіздік ережелері және жұмыс жүйесімен жан-жақты танысты. Мұнан бөлек студенттерге арнайы клиникалық киім мен жеке идентификациялық карталар табысталып, олар шетелдік мамандармен тең дәрежеде жұмыс істеуге мүмкіндік алды.

Екі аптаға жоспарланған оқу-өндірістік тәжірибе барысында болашақ фельдшерлер жедел жәрдем, ішкі аурулар, хирургия, реанимация және мейіргерлік күтім бағыттары бойынша білімін тереңдетіп, кәсіби машығын

тердің өз саласына деген ынтасы мен ықыласын арттыратын, халықаралық ортада бәсекеге қабілетті болуына жол ашатын игі жоба. Жаңа орта, жаңа талап пен тәртіп – жастардың ой-санасын кеңейтіп, жауапкершілік пен шынайы мамандыққа деген құрметін арттыратыны сөзсіз.

Айта кету керек, халықара-лық тәжірибе тек студенттердің дамуына ғана емес, жалпы өңір медицинасының сапасын арт-тыруға бағытталған. Өйткені шетелде білім алған жас кадрлар ертен туған жерге оралып, жинаған тәжірибесін жергілікті емдеу ісі-не енгізеді. Яғни тікелей қоғам игілігіне жұмыс істейтін, алысқа бағытталған стратегиялық шешім.

Шетелде тәжірибе жинауға мүмкіндік алғанын үлкен мәртебе

Бүгінде еңбек нарығына ентелей еніп келе жатқан буын – зумерлер. Олар – 1997-2012 жылдар аралығында дүниеге келген Z ұрпағы. Смартфонды бесіктен таныған, цифрлық әлемде еркін жүзген, «TikTok» және «YouTube»-пен қатар өскен, жасанды интеллектті жатсынбайтын буын. Уақыттың жаңа толқыны ретінде зумерлер жұмысқа, өмірге, қарым-қатынасқа мүлде өзгеше көзқараспен қарайды.

Егер бұрынғы ұрпақ үшін жұмыс – міндет, табыс көзі, тәртіп болса, зумерлер үшін жұмыс – өзін-өзі та-нығту алаңы, еркіндік пен шы-ғармашылық кеңістік. Бұл ұрпақтың жұмыс орнындағы көрінісі – ескі жүйеге келген жаңа тыныс тәрізді.

Зумерлерге иерархия емес, ынтымақтастық маңызды. Олар «басшылық – бұйрық беретін емес, бағыт көрсететін тұлға» деп түсінеді. Кеңседе бастық пен қызметкердің ара-сында тең серіктестік болу тиіс. Бұл ұрпақ өзіне сенім артқанды қалайды, еркіндікті қажет етеді. Шектен тыс бақылау, артық қысым – олар-дың табиғатына жат.

Мағынасыз жұмыс – мағынасыз өмір

Жалақы, атақ, кабинет – бұл зумерлер үшін басты мотиватор емес. Оларға жұ-мыстың мазмұны мен мис-сиясы маңызды. Егер атқарып жатқан ісі қоғамға пайдалы, адамға жақсылық әкелсе – зумер соған жан-тәнімен беріліп жұмыс істейді. Ал

егер тек қағаз толтыру, мәнсіз тапсырма орындау болса олар бірден алыстап, жүректен істейтін істі іздейді.

Z ұрпағы үшін уақыт – алтыннан қымбат. Олар таңнан кешке дейін кеңседе отыруды емес, икемді кестемен жұмыс істеуді қалайды. Офис – міндет емес, құрал. Қашықтан жұмыс, гибридті формат, «work-life balance» – олар үшін жай сән емес, өмір сүру нормасы. Жұмыс пен жеке өмір арасындағы шекараны бұлжытпай сақтайды.

Зумерлер бір жерде он жыл жұмыс істегенді мақта-ныш санамайды. Олар үшін маңыздысы – өсу, даму, тәжі-рибе жинақтау. Жаңашыл-дық пен шығармашылық жок жерде олар ұзақ тұрақтамайды. Бұл «тұрақсыздық» емес, бұл – өмірге деген шынайы құлшыныс.

Зумерлер – тек жаңа ұрпақ емес, жаңа құнды-лықтың таратушылары. Олар арқылы еңбек әлеміне еркіндік пен креатив, се-ріктестік пен сенім, жылдам

ЗУМЕРЛЕР ЖҰМЫСЫ: ЕСКІ ЖҮЙЕГЕ ЖАҢА ТЫНЫС



Ерке емес, саналы

Кейбір аға буын өкілде-рі зумерлерді «шыдамсыз, ерке» деп сипаттайды. Алайда бұл – беткі қабатығы көзқарас. Шын мәнінде, зумерлерде эмоционалдық интеллект жоғары. Олар өз шекарасын қорғайды, токсикалық ортаға көнбейді. Бұл – әлсіздік емес, саналы адамның тандауы. Олар – өз құқығын білетін, психоло-гиялық саулығын бірінші орынға қоятын ұрпақ.

бейімделу мен технология-лық ойлау енді.

Иә, олар бұрынғы ұрпаққа ұқсамайды. Бірақ дәл осы басқаша болу – қазіргі заманда қажеттілік. Бастысы – түсіне білу. Себебі бүгінгі зумер – ертенгі көшбасшы. Ал оның көзқарасын тыңдай алған қоғам – болашағын дұрыс құра алады.

Раушан ТҮРҒАНБАЙ,
Назарбаев зияткерлік мектебінің 12-сынып оқушысы



Айта кету керек, жастарға жолдаманы мамыр айында өткен халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияда облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев табыс еткен еді. «Емдеу ісі» мамандығында білім алып жатқан үздік 12 студент бүгінде Түркияға жетті. Олар Түркияның жетекші кли-никаларының бірі Medicana International Hospital базасында тағылымдамадан өтіп жатыр. Бұл

жетілдіреді. Олар заманауи құ-ралдармен жұмыс істеуді үй-реніп, халықаралық клиниканың ішкі жұмыс тәртібімен етене танысады. Әсіресе тәжірибелі мамандардың жанында жүріп, нақты жағдайлармен бетпе-бет келу – жас мамандардың кәсіби көзқарасын қалыптастыруда баға жетпес мүмкіндік.

Мұндай бастама болашаққа салынған инвестиция. Студент-

санайтын студенттер облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың көрсет-кен қолдауы үшін жүрекжарды алғысын білдіріп отыр.

Бұл жоба алдағы уақытта өз жалғасын табары анық. Өйткені медицина – үздіксіз даму мен жаңашылдықты талап ететін сала. Ал білікті маман даярлау – тек теориямен емес, тәжірибемен шындалатын ұзақ жол.

«АЖ» ақпарат

НЕСИЕ ӨТЕУДІҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ



қаражатты енді тоңазытқыштың өтеміне салып, артығымен төлейміз. Яғни, 8400-дің орнына біз 20 мың теңге төлейміз. Сол кезде біздің екінші несиеміз

өтеуге бастапқы 3 айдан бөлек, 4 ай уақыт керек болады. Кейін ең соңғы несиеміз өтеу қалады. Екі несие жабылғаннан кейін, біз оның айлық төлемін енді ұялы телефонның қаражатына жұмсаймыз. Смартфонның ай сайынғы төлемі 6250 теңгенің орнына біз 26250 теңге төлейміз. Сол кезде біздің несиеміз келесі 4 ай көлемінде жабылады. Сонда 24 айға алынған несиеміз 11 ай көлемінде өтей аламыз.

Екінші әдіс – «Қар көшкіні». Ол ең жоғары пайызды несиеміз өтеуден басталады. Бір мысал қарастырып көрейік. Несие өтеушінің жалақысы – 300 мың теңге. Ол ай сайын 50 мың теңгені несие төлеуге алып қалады. Бірінші несие – ноутбук, сомасы 200 мың теңге (12 ай), пайыздық үлесі – 28%. Екінші – теледидар, құны 150 мың теңге (18 ай), 20% үлесі бар. Үшінші ең аз пайыздысы – микротолқынды пеш, бағасы 50 мың теңге (6 ай). Біз төлемді ноутбуктан бастаймыз. Себебі оның

пайыздық үлесі жоғары. Айлық төлем шамамен 33500 теңге. Қалған 16500 теңгені біз ноутбуктың төлемакысына қосамыз. Сонда бізде ноутбукқа айына 33200 теңге салыныптан болады. Сол кезде ноутбуктың төлемакысы 6 ай көлемінде бітеді. Онымен қоса микротолқынды пештің несиесі 6 айда төленеді. Сондықтан бізде тек теледидардың ақысын өтеу қалады. Осыған дейін теледидардың 1/3 бөлігі төленді. Ал қалған соманы өтеу үшін 2 ай уақыт қажет болады. Осылай біз 18 айлық несиеміз төленетін уақытын 8 айға қысқарттық.

Несиеміз белгіленген уақытқа дейін өтеу – қаржылық сауаттылықтың белгісі. Бұл тек қарыздан құтылу жолы ғана емес, болашақта сізді қаржылық тұрақтылыққа жетелейтін бірден-бір құрал. Несиеңізді ақылмен жоспарласаңыз, ертеніңіз сенімді болады!

Мерей ШӘКРАТ,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенті

АРМАН БОЛҒАН «СТОМАТОЛОГИЯ»

Биыл Қазақстанда стоматология мамандығына мемлекеттік білім гранты мүлде бөлінбеді. Бұл жай ғана статистика емес. Бұл – мыңдаған жастың үмітінің үзілуі, ата-ананың көңіліндегі ауыр күрсініс, шексіз арманның жарты жолда шорт үзілуі.



Көп жылдан бері стоматология – сұранысы жоғары, беделі биік мамандық-тардың бірі. Әдемі күлкі, сау тіс – тек сұлулық емес, адамның жалпы денсау-лығы мен өмір сапасының айнасы. Ал сол айнаға айналу үшін қанша бозбала мен бойжеткен жылдар бойы дайындалып келеді. Бірақ 2025 жылғы жағдай – «арман жолына батқан тұман» тәрізді. Грант түгілі, үміттің ұшқыны да көрінбей қалды.

Бұған дейін де стоматология ма-мандығына түсу оңай болған жоқ. Жоғары балл кемінде 137–140 болды.

Бұл – жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар ғана өтетін шек. Ал биыл бұл меженің өзі мәнсізденді, білімге құштар жастың үмітін өшірді.

«Қолыңда қаражаттың болмаса, арма-ның да – шектеулі» деген ащы шындықты осы жағдай айқын көрсетті. Себебі медициналық оқу ақылары аспандап тұр. Стоматология факультетінде бір жылдық оқу ақысы кейбір университеттерде 1.5-2 миллион теңгеге дейін жетеді. Бұл қаражатты әр отбасы төлей алмайды. Ауылдан шыққан, көпбалалы отбасында өскен, орташа табысты ата-аналар үшін бұл – мүмкін емес шығын.

Ал мұнымен біз кімнен айырылып жатырмыз? Әрине, мамандығын жүрек-пен таңдайтын, шынайы ықыласпен емші болғысы келетін жастардан. Жақсы дәрі-гер болу үшін тек ақшаның ғана емес, адамгершілік пен жауапкершіліктің де болуы маңызды. Бірақ қазіргі жағдайда жауапкершілік пен арман емес, тек қал-таның қалың болуы мәселені шешіп тұр.

Мемлекет білім беру саласында әді-летті саясат ұстану тиіс. Егер сұраныс жоғары, қоғамға қажетті мамандық болса неге оған грант бөлінбейді? Бұл – үлкен мәселе. Бүгін стоматолог жоқ деген – ертен қиналған ел емделетін маман тап-пай, жеке клиникаларға шығындалады деген сөз. Ал оны халықтың қалтасы көтере ме?

«Білім – теңдіктің кілті» деуші едік. Енді ше? Грантсыз қалған сала – бай мен кедей арасындағы алшақтықты тереңдететін құралға айнамай ма?

Мемлекеттік грант жүйесінің басты мақсаты – білімге құштар, дарынды жастарды қолдау. Егер бұл мақсат ұмыт болса, онда болашаққа қандай сенім болмақ?

Р.ЕРКІНҚЫЗЫ

Жарақат (грек тілінен аударған-да – жара, зақымдану) – кенеттен сыртқы әсерден болатын адам ұлпа-ларының, мүшелерінің анатомиялық тұтастығының немесе физиология-лық қызметінің бұзылуы.

Жарақаттардың негізгі себебі: жұ-мысшының биіктен құлауы, ауыр заттардың, сынықтар немесе құрал-дардың құлауы, механизмді немесе басқа қозғалатын құрал-жабдықты қолмен немесе дененің басқа бөліктерімен соғу, құралмен қолды, аяқты немесе дененің басқа бөліктерін

- ақаулы машиналарды, механизм-дерді, жабдықтарды пайдалану;
- технологиялық процестің жетіл-мегендігі;
- технологиялық процестің бұ-зылуы;
- көлік құралдарын пайдалану ке-зінде қауіпсіздік талаптарын бұзу;
- жол қозғалысы ережелерін бұзу;
- жұмыстың қанағаттанарлықсыз ұйымдастырылуы;
- жұмыс орындарын ұйымдастыру-дағы қанағаттанарлықсыз мазмұн мен кемшіліктер;

Жарақат деген не?



соғу, көзге шан, ұсақ сынықтар және тағы басқалары.

Қауіпті өндірістік фактордың әсер етуіне байланысты және жарақаттану-мен және еңбекке қабілеттілігін жо-ғалтумен қатар жүретін қызметкердің қатысуымен болған оқиға Қазақстан Республикасының заңнамасында өнді-рістегі жазатайым оқиға ретінде қарас-тырылады.

Өндірістік жарақаттардың негізгі себептеріне мыналар жатады:

- машиналардың, механизмдердің, жабдықтардың конструкциялық кем-шіліктері, жетілмегендігі, жеткіліксіз сенімділігі;

- ғимараттардың, құрылыстардың қанағаттанарлықсыз техникалық жағ-дайы, аумақтар;
- қауіпсіз еңбек тәжірибесін оқы-тудағы кемшіліктер;
- жеке қорғаныс құралдарын қол-данбау;
- ұжымдық қорғаныс құралдарын қолданбау;
- еңбек және өндірістік тәртіптерді бұзу.

Зақымдану көзі мен сипатына қарай жарақаттар – механикалық (шығу, сыну, кесу, көгеру және т.б.), тер-миялық (термиялық күйік және үсік шалу), химиялық (химиялық күйік,

улану), электрлік (электрлік күйіктер мен белгілер, терінің металдануы, электроофтальмия, паралич және т.б.), психикалық (қорқыныш, жүйке шок), және саулулену (радиациялық күйік) деп бөлінеді.

Орналасқан жеріне қарай жарақат-тар көзге, аяққа, басқа (көзден басқа), денеге, саусақтарға, қолдарға (сау-сақтардан басқа) және бірнеше түрге бөлінеді.

Жазатайым оқиғалардың себеп-тері – қауіпті өндірістік фактор-лардың пайда болуына ықпал ететін жағдайлардың жиынтығы. Жарақаттардың негізгі себептері келесі топтарға бөлінеді.

Ұйымдастырушылық себептер: жұ-мыстың қанағаттанарлықсыз ұйымда-стырылуы, қауіпсіз еңбек тәжірибе-сін оқытудағы кемшіліктер, жұмыс орындарын ұйымдастырудағы қана-ғаттанарлықсыз мазмұн мен кемші-ліктер, жұмысшылардың жеке қорғаныс құралдарымен қамтамасыз етілмеуі, өз мамандығынан тыс жұмыстарды орындау және тағы басқалары.

Негізгі ұйымдастыру шараларының уақытылы және сапалы орындалуын қамту керек:

- еңбекті қорғау бойынша оқыту және еңбекті қорғау талаптары бойын-ша білімдерін тексеру;
- жұмыстарды орындаудың қауіпсіз әдістері мен тәсілдерін;
- еңбек қауіпсіздігі және өрт қауіпсіздігі бойынша нұсқаулықтардың барлық түрлері;
- тағылымдамадан өту және қайталау;
- төтенше жағдайлар және өртке қарсы дайындық;
- арнайы дайындық;
- қызметкерлердің біліктілігін арт-тыру.

Эльмира АЛМАҒАНБЕТОВА, Қызылорда бөлімшелік көліктегі санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы

БҮГІНГІ БУЫННЫҢ БАҒАСЫ НЕМЕСЕ ЕРТЕҢГІ ЕЛДІҢ ОБАЛЫ КІМГЕ?

Басы 1-бетте

Дегенмен біздегі көш те ілгері. Қазақстандағы жастардың білім алу мүмкіндіктері кейінгі жылдары айтарлықтай кеңейді. Елімізде орта білімнен кейін жоғары оқу орнына түсушілер үлесі 2022 жылы 59%-ға жетіп, әлемдік орташа көрсеткіштен жоғары болды. 2023 жылдың өзінде бұл көрсеткіш сәл өсіп 59% шамасында қалды. Яғни, Қазақстанда мектеп бітірген әрбір екі жастың біреуі ЖОО-ға түседі. Бұл Орталық Азия аймағы бойынша жоғары көрсеткіш әрі көптеген дамушы елден ілгері. Дегенмен білім сапасының мәселесіне тоқталсақ, Қазақстан оқушылары PISA-2022 зерттеуінде математикадан 425 балл жинап, 81 елдің ішінде 46-орын алды. Ал оқу сауаттылығы көрсеткіші 386 баллмен математикадан төмен орынға жайғасты. Яғни 61-орын. Бұл дерек қазақстандық білім беру жүйесінде менгерілген білімнің тереңдігі ОЭСР елдерінен әлі де едәуір төмен екенін көрсетеді. Өзбекстан мемлекеті болса, кейінгі жылдары білім беру саласында реформалар жүргізіп, жоғары білімге қолжетімділікті арттыруда. 2016 жылға дейін өзбек жастарының небәрі 10%-ы жоғары білім алса, бүгінде университетке түсу қарқыны еселеп өсті. 2023 жылы Өзбекстандағы жоғарғы оқу орындарына жалпы қамту коэффициенті 45,8%-ға жетті – бұл 2022 жылғы 31,3%-дан күрт өскен нәтиже. Яғни, Өзбекстан жоғары білімге қабылдау көрсеткішін бір жылда 15 пайызға арттырған.

Ғылым саласы арқылы мақтанатын тұстарымыз көп емес, дегенмен әлемдік зерттеулер көш соңында емес екенімізді аңғартты. Қазіргі ҚР Оқу-ағарту министрлігін басқарған, бүгінде сенатор Асхат Аймағамбетов 2025 жылға дейін білім саласының өзекті күрделі мәселелерін шешуге бағытталған мемлекеттік бағдарлама жасап, көлемді жоспар құрды. Биыл жыл соңында жоспарлардың орындалып, орындалмағаны туралы нақты деректерге шолу жасай жатармыз, бірақ атқарылуы тиіс тірлік кезек күтіп тұрғаны ақиқат. Демек, мақтануға әлі ерте...

ЕҢБЕКСІЗ ЕРКІНДІК

Ресми статистика бойынша, Қазақстанда жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі өте төмен, былтыр 15-24 жас аралығындағы жұмыссыздық 3,8% болды. Бұл көрсеткіш Германиядағыдан да төмен (Германияда жастар жұмыссыздығы 2024 жылы шамамен 6,7%) және Үндістандағыдан бірнеше есе аз (Үндістанда 2024 жылы жастар жұмыссыздығы 16%). Бір қарағанда, Қазақстанның көрсеткіші үлкен жетістік сияқты көрінеді. OECD елдерінде де 2024 жылы жастардың жұмыспен қамтылуы пандемиядан кейін жақсарып, жұмыссыздық тарихи минимумға жақындады. Германияда да жалпы жұмыссыздық 5%-дан төмен деңгейде ұсталып, жастар жұмыссыздығы салыстырмалы түрде төмен деңгейде. Ресми деректің өзі күман тудыруы мүмкін. Осы оймен, елдегі еңбекке араласпаған буынның бағасы туралы дерекке шағын анализ жасап көруді ұйғардық. Біріншіден, есептеу тәсілі ерекшеленуі мүмкін, мәселен, Қазақстанда көптеген жас оқуын жалғастырып жүр немесе түрлі бейресми жұмыс істейді. Сол себепті олар «жұмыс күші» құрамына кіре ме?» деген сұрақ бар. Сонымен бірге, елдегі жастардың едәуір бөлігі өзін-өзі жұмыспен қамтып немесе уақытша жұмыстармен айналысуы ықтимал. ІЛО әдістемесі бойынша да Қазақстанда 2023 жылы жастар жұмыссыздығы 3,8% шамасында деп көрсетілген, бірақ бұл әлемдік орташа көрсеткіштен әлдеқайда төмен. Салыстырып қарасақ, Үндістанда жастар арасында жұмыс табу қиын екенін байқаймыз, яғни экономиканың өсуі жоғары болғанымен, жұмыс орындарының жетіспеуінен 15-24 жастағылардың 18%-ы жұмыссыз жүруге мәжбүр. Ал Германияда жастардың жұмыссыздық деңгейі Еуроодақтағы ең төмендердің бірі (6-7% төңірегінде), мемлекеттегі дуальді білім беру және шәкірттік бағдарлама арқасында жас мамандар жұмыс нарығына жақсы бейімделеді. Сондай-ақ соңғы онжылдықта Қазақстанда жастардың саяз мерзімді жұмыссыздығы екі есеге қысқарғаны байқалады, бұл экономикада жастарға арналған мүмкіндіктердің артқанын көрсетеді. Дегенмен, осындай төмен көрсеткіштің көлеңкелі жастарын да ескеру керек, жасырын жұмыссыздық пен тұрақсыз жұмыспен қамту әлі де бар. Көптеген жас қазақстандық өз мамандығы бойынша жұмыс таба алмауы немесе бейресми секторда еңбектенуі мүмкін. БҰҰ Даму бағдарламасы деректеріне сүйенсек, Қазақстан жастарының шамамен NEET үлесі белгілі бір дәрежеде бар, яғни кейбір жастар не оқымай, не жұмыс істемей отыр. Бұл Үндістанда да бар проблема, онда жастардың көбі, әсіресе қыздар NEET санатына кіреді. Ал Германияда NEET деңгейі өте төмен, жастардың қоғамдағы белсенділігі жоғары. Қазақстанда жұмыскерге қойылатын талап жұмыс сапасы мен тұрақтылыққа кеп тіреледі. Жастарды өнімді еңбекке тарту, ауыл-аймақтардағы жас жұмыссыздардың көшуіне бейімделу және төртінші өнеркәсіптік революция заманында жана дағдыларға үйрету – жұмыссыздықтың ресми төмен деңгейінің арқасында тұрған мәселелер. Көрсеткіштерге көз жүгірткендегі күйттегеніміз осы, бәлкім шындыққа жанасатын да шығар...

ТАБЫС ТЕНДІГІНЕ ТАЛПЫНЫС ТӨМЕН

Негізінен, кіресті теңсіздігі қоғамда табыстың жоғары және төмен топтар арасындағы бөлінісін сипаттайды. Gini коэффициенті неғұрлым жоғары болса, теңсіздік соғұрлым көп. Қазақстан бұл көрсеткіш бойынша салыстырмалы түрде тең қоғам саналады. Соңғы деректер бойынша Қазақстанның Gini индексі 29,2 құрайды. Германия мен Үндістанда кіріс теңсіздігі бұдан сәл жоғары – Германияда 32,4, ал Үндістанда 32,8 шамасында. Бұл сандар Қазақстанда табыс бөлуде теңдік деңгейі біршама жоғары екенін, ал Үндістанда және тіпті кейбір дамыған елдерде әлеуметтік жіктеліс күштірек екенін көрсетеді. OECD есебінде де Қазақстан халықтың орташа әл-ауқаты жағынан «бұрынғы кеңестік кеңістіктегі» теңсіздігі төмен елдер қатарында аталады. Қазақстандағы баға бірегейлігі теңсіздігінің төмен болуының тарихына тоқталсақ, Кеңес дәуірінен бастап халыққа білім мен медицина тегін болуы, сондай-ақ тұрғын үйдің жаппай жекешелендірілуі нәтижесінде әлеуметтік базалық теңдік қалыптасты. Расында, Қазақстан үй иелену деңгейі жөнінен әлемде алдыңғы қатарда, ол дегеніміз тұрғындардың шамамен 95%-ы өз үй-жайында тұрады. Зерттеу осылай дейді, ал шынтуайтында ол жарты қазақстандық өз үйінде емес, пәтер жағалап жүр, ал оның дені жастар. Ал зерттеу көрсеткен 95 пайыз – халық көшпен қатар, бір толқында дегенді аңғартса керек, түсінгеніміз осы. Ал бұл көрсеткіш Германиядан әлдеқайда жоғары, онда халықтың тек 47%-ы үй иесі, қалғаны жалға алады. Ал Үндістан халқымен шамалас, өйткені экваторға жақын елдің де шамамен 86% отбасы өз баспанасы бар деп саналады, бірақ оның сапасы әрқелкі.



Жаппай үй иелену орта таптың жинақ капиталын арттырып, табыс теңсіздігінің шамадан тыс өршуіне жол бермейді. Дүниежүзілік Банктің бағалауы бойынша 2010-2020 жылдары Қазақстанда Gini индексі 30-дан 27-ге дейін төмендеген, яғни табысы төмен топтардың жағдайы сәл де болса жақсарған. Оны билік басындағылар да өз есебінде мәлімдеп жүр. Дамыған және дамушы елдермен салыстырсақ, Германияда кірістер теңсіздігі көптеген Батыс елдеріндегідей орташа деңгейде – нарықтық экономика заңдылықтары бойынша байлар мен орташалардың арақашықтығы бар, бірақ мемлекет салық-бюджет саясаты арқылы оны жұмсартып отырады. Мысалы, әлеуметтік трансферттер есебінен Германиядағы түпкі (қайта бөлінгеннен кейінгі) Gini 0,29 шамасында, бұл АҚШ сияқты елдерден едәуір төмен (АҚШ-та 0,41). Үндістанда табыс теңсіздігі соңғы онжылдықта өсе түсті, ресми Gini 0,33 болғанымен, бейресми есептеулер байлық шоғырлануы өте жоғары екенін көрсетеді. Өйткені әлемдегі долларлық миллиардерлер саны бойынша Үндістан алдыңғы қатарда. Freedom House дерегінше, Үндістанда қоғамның кейбір бөлігі, әсіресе мұсылмандар мен касталық жүйеде төмен саналатын топтар әлі күнге дейін кедейлікте өмір сүріп жатыр. Олар әлеуметтік және экономикалық тұрғыдан шеттетілген. Осындай теңсіздік пен әділетсіз жағдайлар жастар арасында наразылық пен әлеуметтік шиеленісті күшейтіп, қылмыстың көбеюіне және көлеңкелі экономиканың өршуіне себеп болып отыр.

МӘСЕЛЕ БАСТАУЫ – БАСПАНА

Қазақстан халқының басым бөлігі өз баспанасына иелік етеді, бұл – үлкен әлеуметтік жеңілдік. Ол туралы жоғарыда да айтып өттік. Статистикаға сәйкес, Қазақстанда тұрғын үй иелену коэффициенті 95–98% аралығында, яғни отбасылардың көпшілігі жеке пәтері не үйі бар. Бұл көрсеткіш бойынша Қазақстан әлемде алғашқы бестікте тұр. Мұндай жағдай Кеңес Одағы құлағаннан кейін тұрғын үйдің жаппай жекешелендірілуі арқасында мүмкін болды. Салыстыру үшін, Германияда халықтың тек жартысы ғана үй иесі, қалған бөлігі жалдамалы пәтерде тұрады. Германияда тұрғын үйді жалдау мәдениеті қалыптасқан әрі нарық реттелген. Жалға алу ақысы кіріске сай және заңнамамен қорғалады. Ал Үндістанда ресми дерек бойынша үй иелену үлесі 86% көрінгенімен, бұл негізінен ауылдық жерлердегі қарапайым баспаналарды да қамтиды. Үндістанның қалаларында миллиондаған адам заңсыз салынған лашық аудандарда тұрады. Баспана сапасы тұрасында сөз қозғасақ, тек үй иесі болу жеткіліксіз. Яғни тұрғын үйдің сапасы мен қолайлылығы маңызды. Бұл тұрғыда Қазақстан Германиядан артта, бірақ Үндістаннан озық. OECD «How’s Life 2024» деректеріне қарағанда, қазақстандықтардың тұрғын үй сапасы жақсарып келгенімен, әлі де табысқа қатысты қолжетімділік мәселелері бар. Қазақстан қалаларында соңғы жылдары жылжымайтын мүлік бағасы күрт өсті, нәтижесінде жас отбасылардың баспана сатып алу мүмкіндігі төмендеді. Аренда нарығы да жеткілікті дамымаған, бұл жастарды көбіне ата-анасымен бірге тұруға мәжбүрлейді. Дегенмен, Қазақстанда тұрғын үй тым тар немесе бейқалыпты жағдайдағы халық үлесі айтарлықтай аз. Тұрғындардың тек 1%-ы ғана қалалық күйбең тірліктің «трущоба» деп сипатталатын сапасыз үйлерінде өмір сүреді. Ал Үндістанда 2020 жылғы БҰҰ-Хабитат есебіне сүйенсек, қалалық халықтың 45–50%-ы «трущобаларда» тұрады. Бұл – Үндістанның урбанизациясы барысында баспана салуын үлгеріе алмай, миллиондаған жастардың санитарлық жағдайы нашар, жарық, су, кәріз жүйесі дұрыс жүргізілмеген аудандарда ғұмыр кешіп жатқанын білдіреді. Германияда керісінше, сапасыз тұрғын үй мәселесі іс жүзінде жоқ. Халықтың 1%-ға жуығы ғана ресми түрде «нашар жағдайда» деп есептеледі. Немістердің тұрғын үйі кең, жайлы. Орташа есеппен бір адамға 2 бөлме не одан көп келеді. Орталық жылыту, сумен жабдықтау секілді инфрақұрылым толық қамтылған. Тұрғын үйдің қолжетімділігіне келсек, үйдің болуы бір бөлек те, оны ұстау шығындары басқа мәселе. Қазақстанда баспана көпшілікте жеке меншікте болғанымен, урбанизация күшейген сайын жас отбасылар қалада үй сатып алу үшін ұзақ жыл ақша жинауы не ипотекаға кіруі қажет. Орташа жалақының үй бағасына қатынасы Қазақстанда соңғы жылдары нашарлап, тұрғын үй қолжетімділігі төмендеді, әсіресе Астана мен Алматы қалаларында. OECD деректері бойынша, Қазақстанда табысы төмен отбасылардың 20%-ға жуығы тұрғын үй шығындарынан киналып жүр. Германияда тұрғын үйге жұмсалатын шығын жоғары болғанымен, мемлекет тұрғын үй жәрдемақысы, әлеуметтік баспана салу арқылы қолдау көрсетеді. 2024 жылы Германияның ірі қалаларында жастардың 13%-ының жалдау ақысы табысының 40%-ынан көбін құрап, «шығын ауыртпалығы» саналған. Үндістанда ресми саясат болмағандықтан, қалаларда тұрғын үй бағасы шарықтап, кедей жастар амалсыздан қызметтік жатақханаларда, уақытша лашықтарда немесе бірнеше отбасы бір үйді бөлісуге мәжбүр.

Қазақстан баспана мәселесінде белгілі бірартықшылыққа ие, ол – халықты тұрғын үймен қамту үлесі жоғары, жас кезінде ата-анасынан үй мұралану мүмкіндігі де бар.

Алайда урбанизациямен бірге «жасөспірімдердің тұрғын үйі» проблемасы туындауда. Жұмыс іздеп қалаға келген жас буынға баспана табу да қиынға соғады. Мемлекет «7-20-25», «Бақытты отбасы», жастарға жалдамалы пәтер бағдарламалары секілді шаралар енгізгенімен, сұранысты толық өтей алған жоқ. 2023 жылы Қазақстанда тұрғын үй кезегінде 600 мыңнан астам адам тұрғанының өзі мәселенің өзектілігін көрсетеді. Сондай-ақ ауылдан қалаға көшкен жастар көбінесе ипотекалық несиелеу талаптарына сай келе бермейді, өйткені тұрақты жоғары табысы жоқ. Яғни, Қазақстанның тұрғын үй саласындағы басты міндет – жастар үшін қолжетімді және сапалы тұрғын үй құрылысының қарқынын арттыру. Бұл Германияның тәжірибесіне сүйеніп, жеке нарық пен мемлекеттік қолдауды ұштастыруды талап етеді. Ал Үндістан үшін ең негізгі басымдық – трущобаларды жою, қала кедейлерін негізгі инфрақұрылымы бар арзан тұрғын үймен қамтамасыз ету болып отыр.

СЕН ДЕ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАЙ АЛАСЫҢ!

«Шешім қабылдай алу» дегенде, жастардың өз қоғамының әлеуметтік-саяси өміріне араласу дәрежесі менмұндалайды. Бұл сайлауға қатысу, еріктілік, қауымдастықтарға мүшелік, азаматтық бастамалар көтеру секілді өлшемдермен бағаланады. «ОЕСД» және «Commonwealth Youth Index» деректері әлем бойынша соңғы жылдары жастардың саяси және азаматтық қатысуында алаңдататын үрдістер байқалғанын көрсетеді. Мысалы, Жаһандық Жастар Даму Индексі 2020 бойынша «Саяси және азаматтық қатысу» домені бүкіл әлемде нашарлаған жалғыз бағыт болды. 2010-2018 жылдар аралығында оның көрсеткіші орта есеппен 0,18%-ға төмендеген. Орташа алғанда, әлемдегі әр елде жастардың тек 20%-ы ғана соңғы бір айда волонтерлікпен айналысқан, ал тек 16,2%-ы мемлекеттік ресми тұлғаларға өз пікірін білдірген екен. Яғни, жастардың басым көбі қоғам мәселелерін шешуге тікелей араласпайды. Германия – азаматтық қоғамы дамыған мемлекет. Мұнда жастардың айтарлықтай бөлігі жас кезінен қоғамдық ұйымдарға, спорт клубтарына мүше, түрлі еріктілер қозғалысына қатысады. Мәселен, Eurostat дерегіне сүйенсек, 2023 жылы Германияда 15–29 жас аралығындағы жастардың 36%-ы кем дегенде айына бір рет қоғамға пайдасы тиетін шараға қатысқан. Бұл ЕС орташа көрсеткішінен жоғары. Сайлауға қатысу көрсеткішінде Германияда жастардың белсенділігі ересектерден сәл төмен болғанымен, сонда да 18-24 жас аралығында 68% астам берген. Бұл демократиялық елдер арасындағы жоғары көрсеткіштердің бірі. Жастардың экологиялық, әлеуметтік әділдік тақырыптарында қозғалыстар құрып, саяси үні шығуы Германияда жолға қойылған.



Ал елдегі жағдайға оралсақ, Қазақстанда жастардың қоғам өміріне араласуы шектеулі. Зерттеулерге қарағанда, қазақстандық жастардың ұйымдасқан қоғамдық қозғалыстарға қатысуы төмен деңгейде – 10%-дан да аз жастың жергілікті қауымдастық проблемаларын шешу үшін волонтер болғаны анықталған. Дегенмен кейінгі жылдары волонтерлік мәдениет енді-енді қалыптасып келеді, «Волонтер жылы 2020» аясында және пандемия кезінде көптеген жас азамат қайырымдылық акцияларына тартылды. Социологиялық сауалнамалар жастардың 70%-ы елде өзгерістер көріктігін айтса да, олардың көпшілігі оны интернеттегі пікір білдірумен шектейді. Ресми дерекке жүгінсек, Қазақстанда 2021 жылы парламент сайлауында 18-25 жас аралығындағы сайлаушылардың қатысуы 50% шамасында болған, бұл орта көрсеткіштен төмен.

Тіліші түйіні. Жастар – ел болашағы деген ұран көп айтылғанымен, нақты әрекет пен жүйелі саясатсыз ол жай ғана сөз күйінде қалады. Жоғарыда талданған білім беру сапасы, жұмысқа орналасу, табыс теңдігі, баспана, азаматтық белсенділік пен сенім деңгейі секілді көрсеткіштер Қазақстанда біршама ілгерілеу болғанымен, шешімі күткен мәселе аз емес екенін көрсетіп отыр. Білімге қолжетімділік бар, бірақ сапа ақсап тұр. Жастар жұмыссыз емес, бірақ тұрақты әрі лайықты жалақы алатын жұмысы жоқ. Үйі бар деуге болады, бірақ баспана қолжетімділігі жылдан жылға қиындап барады. Жастар пікірін білдіре алады, бірақ оны еститін жүйе әлі толық қалыптаспаған. Міне, осының бәрі ертеңгі елдің тағдырын айқындайды. Сондықтан бүгінгі буынның бағасын дұрыс беріп, нақты шешім қабылдау тек билікке емес, қоғамның әр мүшесіне жүктелетін жауапкершілік. Обал – үнсіздікте, әрекетсіздікте. Ал болашақ – бүгінгі таңдауда.

Ердаулет ҚА.ЛИ,
тіліші

Зере СЛАМБЕК:

ӘЛЕМ

ТӨРТ ҚАБЫРҒА ЕМЕС

Қазақстандық жастар шетелде жұмыс істеп, тәжірибе жинауға ұмтылады. Мақсатыңа жетуге мүмкіндік беретін бағдарламаның бірі – «Work and Travel». Бұл жоба арқылы әлемді танып, шет тілін жетілдіруге, түрлі мәдениетпен танысуға болады. Осы орайда АҚШ-қа аттанған Зере Сламбекпен сұхбаттастық. Ол – Тараз қаласының тумасы, М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің сән дизайны мамандығы бойынша бітіруші түлегі.

– Зере, шетелде оқып, жұмыс істеу бала күнгі арманыңыз ба? Бұл шешімге не себеп болды?

– Бала кезімде америкалық сериал мен фильм көруге әуестігім жоғары еді. Тіпті 11 сыныптан кейін Америкада оқығым келді. Бірақ сәті түспеді. Сол орындалмаған арманымды «Work and Travel» бағдарламасы арқылы жүзеге асырдым десем болады. 2-3 жыл бұрын да қатысуға ниеттенген едім, алайда басқа жобаларға қызығып, кейінге шегеріп жүрдім. Биыл сол арманымды іске асыруға мүмкіндік туды.

– Іріктеу қалай өтті? Қойылатын талаптар қандай?

– Бағдарламаға күндізгі бөлімде оқитын және ағылшын тілін меңгерген студенттер қатыса алады. Виза алу кезінде басты талап – өз еліңе қайтатынына сенімді дәлел келтіру. Мысалы, маған виза сұхбатында екі-ақ сұрақ қойылды: «Осы жаздағы жоспарыңыз қандай?» және «Қайда оқисыз?». Ең бастысы – сенімді, шынайы

жауап беру. Жалпы, виза рәсімдеу қиын болмады. Бағдарламаға қатысуға барлығы шамамен 2,5 миллион теңге кетті. Бұл сомаға ұшақ билеттері мен АҚШ-қа алып кеткен қаражатым кірді.

– Қазіргі жұмысыңыз туралы айтып берсеңіз.

– Мен Америка Құрама Штаттарының Солтүстік Дакота штатындағы Медора қаласында жұмыс істеймін. Бұл – маусымдық туристік қала. «Buffalo Gap Store» дүкенінде «Retail Sales Attendant» ретінде жұмыс істеймін. Қызметіме тұтынушыларға көмектесу, кассада қызмет көрсету, тауарларды орналастыру, сұрақтарға жауап беру кіреді.

– Америкаға алғаш табан тірегендегі сезіміңізбен бөліссеңіз. Ал тұрғындармен қарым-қатынасыңыз қандай?

– Шынымды айтсам, мәдени шок болған жоқ. Себебі алдын ала көп ақпаратпен таныстым. Қайда барамын, қандай орта күтіп тұр – бәрін зерделеуге тырыстым.

Жергілікті халық өте ашық, сыпайы. Тай, америкалық, колумбиялық әріптестеріммен тез тіл табыстым. Бұл – нағыз америкалық орта. Ағылшын тілін күнделікті қолдануға машықтанасын. Сондықтан жаңа жұмыс мен үшін үлкен мүмкіндікке айналды. Алғашқы күндері «Шетелдіктердің тілін түсінбей қаламын ба?» деген үрей болды. Себебі өзге тілді күнделікті қолданбасаң, ұмыта бастайды екенсің. Дегенмен Епастус жобасындағы тәжірибем көп септігін тигізді. Сондықтан бұл дағдым тез қалпына келді.

– Жалақы мөлшері қандай?

– Сағатына 15 доллар аламын. Аптасына 40 сағатқа дейін жұмыс істеуге болады. Уақытың арнайы бағдарлама арқылы тіркеледі. Жүйесі өте нақты, ал бұл маған ұнады.

– Сапарыңыздан қандай ой түйдіңіз?

– Біріншіден, көзқарасымды

кеңейттім. Әлемнің төрт қабырға емес, шексіз көкжиек екенін нақты түсінгендеймін. Түрлі ұлт өкілдерімен жұмыс істеу, жаңа мәдениетпен танысу – керемет тәжірибе. Тіл жетіліп, сенімділік артады.

Мен үшін бұл тек қаржылық емес, рухани инвестиция. Сондықтан осындай мүмкіндік туса, батыл қадам жасап, қорықпай көруге кеңес беремін.

– Алдағы жоспарыңыз қандай?

– Америкадағы сату мәдениеті, тұтынушы психологиясы өте қызық. Бұл тәжірибе мені одан сайын ынталандырды. Болашақта өз мамандығым бойынша дизайнер ретінде дамып, әлемдік деңгейге жеткім келеді.

– Америка мен Қазақстанды туралы не айта аласыз?

– Өз еліме, Қазақстаныма жететін ел жоқ. Мәдениетіміз, тіліміз, тіпті тағамдарымыздың өзі баға жетпес байлық қой, шіркін. Америка – түрлі ұлттың жиынтығы, сол үшін де ортақ мәдениеті жоқ. Иә, ол жақтан үйренер дүние көп. Бірақ өз елінің қадірін шетте жүргенде түсінеді екенсін.

– Жауабыңызға рақмет!

Сұхбаттасқан
Инжу МАРЖАН

28 маусым – Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерінің кәсіби мерекесі қарсаңында Сыр журналистикасының саңлағы Сағитжан Бермағанбетовты еске алуға арналған БАҚ өкілдері арасында шағын футболдан облыстық турнир өтті.

ҚАЛАМҒЕРЛЕР ДОП БӘСЕКЕСІНДЕ БАҚ СЫНАДЫ



Жыл сайын тұрақты түрде ұйымдастырылып келе жатқан бұл спорттық шара – өңір журналистикасының көрнекті өкіліне деген құрмет қана емес, сонымен қатар қаламгерлер арасында салауатты өмір салтын насихаттап, әріптестік байланыстарды нығайтуды көздейді.

Ашылу салтанатында Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Шахмардан Байманов сөз сөйлеп, қатысушыларға сәттілік тілеп, журналистер қауымының қоғамдағы орны мен еңбегінің маңыздылығына тоқталды.

Сонымен қатар Сағитжан Бермағанбетовтің анасы Меруерт Бақбергенова да сөз алып, ұлының есімін ұлықтап жатқан барша азаматқа алғысын айтып, ақ батасын берді.

Турнирдің шымылдығын түрген кездесу «Сыр медиа» және республикалық БАҚ-тың меншікті тілшілері арасында болды. Тартысты ойында тең тарқасқан қос команда топтағы алғашқы ұпайларын еншіледі. Мұнан бөлек, «Qyzylorda» телеарнасы, «Қоғам ТВ», облыс әкімдігі мен «Ағаш реп» командалары топтан шығу үшін тартысты ойындар өткізді.



Үшінші орын үшін таласта облыс әкімдігінің құрамасы меншікті тілшілерге есе жіберсе, ақтық сында «Қоғам ТВ» командасы «Qyzylorda» телеарнасының жігіттерінен пенальти сериясы бойынша басым түсті. Осылайша «Қоғам ТВ» командасы өз тарихында алғаш рет турнир жеңімпазы атанды.

Мұнан бөлек аладоп бәсекесінде көзге түскен Бауыржан Қожамұратов – «Үздік ойыншы», Шыңғыс Нұрбай – «Үздік шабуылшы», Нұрлан Жақыпбеков – «Үздік қорғаушы» және Абзал Жолтерек – «Үздік қақпашы» бағамына ие болды.

Жарыс жеңімпазы мен жүлдегерлерге ақшалай сертификаттар табысталып, арнайы сыйлықтар үйлестірілді.



ЖУРНАЛИСТЕР БАЙҚАУДА ЖАРҚЫРАДЫ



Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдық мерейтойы және Бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің кәсіби мерекесіне орай Қызылорда облыстық ҚХА жанындағы Журналистер клубының бастамасымен өңірде алғаш рет «Two stars» атты ән-шоу байқауы өтті.

Байқаудың мақсаты – этносаралық татулықты дәрiптеу, шығармашылық ынтымақтастықты арттыру және мәдени байланыстарды нығайту.

Сыр қаламгерлерінің қатысуымен өткен кеш Достық үйінің концерт залында өтті. Кешті облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Руслан Каюпов ашып, шараның мәні мен маңызына тоқталды. Руслан Мұхамедәліұлы бұл байқауды шығармашыл жандардың ынтымағын айқындайтын жарқын алаң ретінде сипаттап, журналистердің тек ақпарат таратушы ғана емес, рухани байланыстың да алтын көпірі екенін тілге тиек етті.

ҚХА жанындағы Журналистер клубы 2015 жылдан бері этножурналистика бағытында бірлік

пен келісімді насихаттап келеді. Биыл құрамына 16 тәжірибелі маман қосылып, жылдың алғашқы бес айында 2000-нан астам материал жариялаған. «Бірлігі жарасқан», «Ассамблея айнасы» сынды жобалар – осы еңбектің айғағы. Кеш барысында бұл жұмыстар да ерекше аталып өтті.

Байқау екі кезеңнен тұрды. Бірінші кезеңде жұптар «бірлік», «достық», «татулық» тақырыптарына арналған әндер орындап, шығармашылық бейнероликтер арқылы өз идеяларын таныстырды. Ал екінші кезеңде еркін тақырыптағы әндер мен сахналық қойылымдар ұсынылып, көрермендер ыстық ықыласпен қарсы алды.

Сайысқа жергілікті БАҚ өкілдерінен құралған 5 жұп қатысты. Олардың өнеріне ҚР еңбек сіңірген

артисті Күлән Қалымбетова, «Хабар» және «24 KZ» телеарналарының Қызылорда облысындағы меншікті тілшісі, Журналистер клубының белсенді мүшесі Нұрлан Жақыпбеков, «Жетінші арна» тілшісі Қамбар Бекенов және облыстық Неміс этномәдени бірлестігінің төрайымы, қоғам белсендісі Ирина Шек қазылық етті.

Екі кезеңнен соң қазылардың шешімі бойынша байқаудың жеңімпазы – облыстық «Qyzylorda» телеарнасының жаңалықтар жүргізушісі Талант Айымбетов пен бағдарламалар бөлімінің тілшісі әрі жүргізушісі Аружан Саруарбек атанды. Ал бірінші орын «Сыр медиа» ЖШС-ға қарасты республикалық «Ақмешіт жастары» газетінің бас редакторы Абзал Жолтерек пен «Qyzylorda-news.kz» агенттігінің видео-контент редакторы Қуаныш Мұстафаевқа бұйырды. Сол секілді екінші орынды «Qyzylorda» телеарнасының сарапшы редакторы Дәулетхан Ақайдаров пен жүргізуші-редакторы Әйгерім Нажмадинқызы иеленді.

Одан бөлек «Қызылординские вести» газетінің жауапты хатшысы Ерхан Ақынов пен тілшісі Альфия Гавычева және «Өңірлік коммуникациялар қызметі» мамандары Динар Рахман мен Жания Төребековаға арнайы жүлделер тағайындалды.

Жеңімпаздарға дипломдар мен қаржылай сыйлықтар табысталды. Сонымен қатар кеш қонақтары қатарынан «Ассамблея жастары» ұйымының мүшелері ән мен би өнерін ұсынса, жас өнерпаз Анна Қой «Қазақ елі» әнімен көрермендерге ерекше көңіл-күй сыйлады. Шара соңында барлық қатысушы жұп бірлесе «Екі жұлдыз» әнін шырқады.

«Two stars» ән-шоу байқауы – журналистердің шығармашылығы мен қоғамдағы рөлін жаңа қырынан көрсеткен, бірлік пен ынтымақты өнер тілімен жеткізген айтулы кешке айналды.

«АЖ» ақпарат